[2] Byuro nacional'noj statistiki agentstva po strategicheskemu planirovaniyu i reformam respubliki Kazahstan. URL: <https://stat.gov.kz/ru/respondents/archive/statistical-forms-2023>.(data obrashcheniya 20-04-2024). [in Russian]

[3] **Gucalyuk, T.G.** // Bahchevodstvo Kazahstana – Almaty: RGP «NII ekonomiki i razvitiya sel'skih territorij».p. Kajnar, 2008 g – S. 33-36. [in Russian]

[4] **Gucalyuk, T.G.**, Ajtbaev T.E. // Nauchnoe obespechenie Bahchevodstva Kazahstana: istoriya, sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya, MSKH RK AO «KazAgroInnovaciya», KazNIKO, Almaty, 2012. – 95 s. [in Russian]

[5] **Dyutin, K.E.**, Prosvirin V.I. Harakter nasledovaniya osnovnyh hozyajstvenno-cennyh priznakov arbuza i dyni. Obshchaya i specificheskaya kombinacionnaya sposobnost' linij arbuza i dyni. Selekcija i tekhnologiya oroshaemogobahch., VNIIOB, 1978, Vyp. 7. – S. 20-23. [in Russian]

[6] **Mamyrbekov, Zh.Zh.**, Buribaeva L.A., Tajshibaeva E.U., Karipov M.M. Ocenka kollekcionnyh obrazcov dyni po hozyajstvenno-cennym priznakam v uslovih yugo-vostoka Kazahstana // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii (22-23 iyulya 2016 g, Kajnar) k 70-letiyu KazNIKO «Nauchno-innovacionnye osnovy razvitiya kartofelevodstva, ovoshchevodstva i bahchevodstva v respublike Kazahstan», Kajnar – 2016 g. – 321 s. [in Russian]

[7] **Mamyrbekov, Zh.Zh.**, Tajshibaeva E.U., Ajtbaeva A.T. Ekologicheskoe ispytanie zarubezhnyh sortoobrazcov dyni v usloviyah YUgo-Vostoka Kazahstana // sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Aktual'nye problemy agronauki v usloviyah adaptacii k global'nomu izmeneniyu klimata», posvyashchennoj 75-letiyu doktora sel'skohozyajstvennyh nauk, professora, akademika NAN RK i ASKHN RK Mejrman Galiolla Tolendiuly (17-18 iyunya 2021 goda). – S. 203-207. [in Russian]

[8] **Aitbayev, T.E.**, Mamyrbekov Zh.Zh., Aitbaeva A.T., Zorzhanov B.D. The Ecological Variety

Testing of Foreign Melon and Watermelon Hybrids in the Climatic Conditions of Southeastern Kazakhstan IOP Conference Series: Earth and Environmental Science, 2021 year, page 1-7 This content was downloaded from IP address 2.73.46.234 on 15/10/2021 at 05:10. – P. 2.

[9] **Gucalyuk, T.G.** Metodika selekcii arbuza i dyni. KazNIIKOH – Almaty: RNI «Bastau», 1998. – 76 s. [in Russian]

[10] **Mamyrbekov, ZH.ZH.**, Ajtbaev T.E., Tajshibaeva E.U., Ajtbaeva A.T. Rezul'taty ocenki pitomnika adaptacii dyni po hozyajstvenno-cennym priznakam v usloviyah yugo-vostoka Kazahstana// zh. «Izdenister, natizheler - Issledovaniya, rezul'taty». – Almaty, 2020. – №2 (86). – S. 266-273. [in Russian]

[11] **Akbope Aitbayeva**, Berik Zorzhanov, Zharas Mamyrbekov, Damira Absatarova, Birzhan Rakhymzhanov, Meruert Koshmagambetova. Comparison of different types of fertilizers on growth, yield and quality properties of watermelon (*Citrulluslanatus*) in the Southeast of Kazakhstan, Eurasian Journal of Soil Science 2021, 10(4). – R. 302-307.

[12] **Dyutin, K.E.**, Prosvirnnn V.I. Harakter nasledovaniya osnovnyh hozyajstvenno-cennyh priznakov arbuza i dyni. Obshchaya i specificheskaya kombinacionnaya sposobnost' linij arbuza i dyni. Selekciya i tekhnologiya oroshaemogo bahch., VNIIOB, 1978, Vyp. 7. – S. 20-23. [in Russian]

[13] **Mamyrbekov, ZH.ZH.**, Buribaeva L.A., Tajshibaeva E.U. Qauynnyn kollekciyalyq sort ulgileri sharuashylyq-bagaly belgilerin Qazaqstannyn ontustik-shygysynda bagalau ZH-I «Izvestiya» NAN RK № 2. 2016 g. – 55 s. [in Kazakh]

[14] Gosudarstvennyj reestr selekcionnyh dostizhenij, rekomenduemyh k ispol'zovaniyu v Respublike Kazahstan, 2023 g. URL: http://sortcom.kz/wp-content/uploads/2023/05/179654_rus_20230417.pdf. (data obrashcheniya 19-04-2024). [in Russian]

[15] **Belik, V.F.** Metodika opytnogo dela v ovoshchevodstve i bahchevodstve. – M.: Agropromizdat, 1992. – С. 64. [in Russian]

[16] **Dospekhov, B.A.** Metodika polevogo opyta. – M.: Kolos, 1980. – С. 169-184. [in Russian]

[17] **Gucalyuk, T.G.** Metodika selekcii arbuza i dyni. KazNIIKOH – Almaty: RNI «Bastau», 1998. – S. 107. [in Russian]

[18] **Polegaev, V.I.** Metodicheskie razrabotki po kursu hraneniya i pererabotki ovoshchej. Metody ocenki kachestva plodov i ovoshchej. – M., 1988. – S. 95. [in Russian]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ӘРТҮРЛІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДА ҚАУЫН СОРТТАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шойбекова А.Ж.¹, докторант

Мамырбеков Ж.², PhD

Тайшибаева Е.У.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі

Махмаджанов С.П.³, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Айтбаева А.Т.², PhD

Джантасов С.К.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

¹ *Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан*

² *«Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты», Алматы қ., Қазақстан*

³ *«Бақша және мақта шаруашылығы ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы», Түркістан обл., Атакент к., Қазақстан*

Андатпа. Зерттеу нәтижесінде қауын дақылдың вегетативтік мүшелері өсіру жағдайына және сортына қарай әртүрлі қалыптасып, дамып отыратындығы анықталды. Әр сорт бойынша: барлық сабақтарының жалпы ұзындығы; негізгі сабақтың ұзындығы; I, II, III қатардағы сабақтардың саны; негізгі сабақтағы және кейінгі қатарлардың сабақтардың түйін аралықтардың ұзындығы анықталған. Ультра ерте және ерте пісетін сорттардың бейімділігі жоғары болып шықты және қолайсыз жағдайларда вегетативтік органдардың қалыптасуы қолайлы топырақ-климаттық жағдайларға қарағанда көп артта қалмайды. Жеміс пішіні ұзаынша ортаазиялық қауын түрінің орташа пісетін және орта кеш пісетін сорттарының бейімділігімен болды, тау бөктері жағдайында вегетативтік мүшелердің өсуі мен дамуы тау етегі-дала зонасы жағдайына қарағанда

айтарлықтай артта қалады. Орталық Азия түршелері сорттары жапырақ аппаратының ерекше белсенді қалыптасуымен ерекшеленетін I, II және III қатардағы жсабақтарының саны, жапырақтардың мөлшері және олардың саны бойынша еуропалық түршелердің сорттарынан жоғары болатынын көрсетті. Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс жағдайында қауын сорттарында вегетативтік массасының ең қарқынды өсуі мен қалыптасуы гүлдену кезеңінде болады.

Тірек сөздер. Қауын, сорт, бүршік, өсу, даму, жапырақ, жапырақ сабағы, байқау.

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF MELON VARIETIES IN DIFFERENT ECOLOGICAL ZONES OF THE SOUTHEAST OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Shoibekova A.Zh.¹, doctoral student

Mamyrbekov Zh.Zh.², PhD

Tayshibaeva E.U.², master of agricultural sciences

Makhmadzhanov S.P.³, candidate of Agricultural Sciences

Aitbaeva A.T.², PhD, master of agricultural sciences

Jantassov S.K.², candidate of agricultural sciences

¹*Kazakh National Agrarian Research University, Almaty city, Kazakhstan*

²*«Kazakh Research Institute of Horticulture and Vegetable Growing» Almaty city, Kazakhstan*

³*«Agricultural Experimental Station for Cotton and Melon Growing», Turkestan region, Atakent village, Kazakhstan*

Annotation. As a result of the research, it was found that the vegetative organs of melon culture, depending on the cultivation conditions and the variety, are formed and developed differently. Established by variety: total length of all lashes; main stem length; number of lashes of orders I, II, III; the length of internodes on the main stem and on the vines of subsequent orders. Ultra-early and early ripening varieties turned out to be more plastic and the formation of vegetative organs in less favorable conditions is not much behind than in more favorable soil and climatic conditions. The mid-ripening and mid-late ripening varieties of the Central Asian subspecies of melon with elongated fruit shapes are less plastic, and in the conditions of the foothills the growth and development of vegetative organs lags significantly behind than in the conditions of the foothill-steppe zone. Varieties of the Central Asian subspecies are superior to varieties of the European subspecies in terms of the number of vines of orders I, II and III, the size of leaves, and their number, notable for the particularly active formation of the leaf apparatus. The most intensive growth and formation of aboveground mass in melon varieties in the conditions of the southeast of the Republic of Kazakhstan occurs during the flowering period.

Keywords. Melon, variety, budding, growth, development, leaf, petiole, observation.

КҮЗДІК БИДАЙ СОРТ-ҮЛГІЛЕРІНІҢ ДӘН САПАСЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Тилеубаева Ж.С.¹, биология ғылымдарының кандидаты
tileubayeva_kz@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4693-6368>

Сапарбаева Н.А.², биология ғылымдарының кандидаты
nurzik-sna@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-9727-4312>

Айтжанова М.О.³, биология ғылымдарының кандидаты
mira_fn@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7067-9296>

Кашкаров А.А.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
kashkarov-77@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4599-8261>

Махатов Ж.Б.², биология ғылымдарының магистрі
mjasik92@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8477-0077>

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

²*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан*

³*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Андатпа. Қазақстан бидай өндіруде – ірі бидай экспорттаушы мемлекеттердің бірі болып табылады және әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді. Ауыл шаруашылығын дамытудағы басты мәселе тағамдық құндылығын сақтай отырып астық өндірісін, соның ішінде бидай өндірісін арттыру. Бидайдың отандық жаңа сорттарын өндіріске енгізу оны одан әрі пайдалану мақсатында астықтың технологиялық қасиеттеріне сорттық сипаттамаларының әсерін егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді. Осы мәселе негізінде мақалада күздік бидай сорт-үлгілерінің дән сапалық көрсеткіштеріне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтынан (БҚПҒЗИ) алынған күздік бидай сорт-үлгілері пайдаланылды. Дәндегі ақуыздың және оның фракцияларының құрамы Кьельдал (ГОСТ 10846-91) әдісімен анықталды. Крахмалдың құрамы - поляриметриялық, ал амилоза - йодометриялық әдісімен анықталды. Ұнның седиментации көрсеткіші С.С.Синицын, Л.А. Зелова әдісімен анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шаруашылық-құнды жоғары бидай сорт-үлгілері дәннің сапалық көрсеткіштері бойынша айтарлықтай ерекшеленді. Зерттелінген күздік бидайдың сорт-үлгілерінің сапасына оның белгілі бір өнім шығаруға жарамдылығына қарай бағаланды. БҚПҒЗИ коллекциялық үлгілері дәнінің технологиялық көрсеткіштері жылтырлығы (%), седиментациясы (%), белогы (%), клейковинасы (%), ИДК (бірлік) бойынша бағаланды. 688Н552, 837Н292-4 сорт-үлгілер дән сапасының классификациясы бойынша, ең жоғарғыларға жатқызылды. Аталған бегілер бойынша жоғары нәтижелер берген Линия 1007/74, Линия 1023/74, 837Н292-4, 1056Н16, 2360Н1, 55494, 57442, К-74503 сияқты сорт-үлгілерді күздік бидай селекциясында кеңінен пайдалануға болады. Аталған сапа көрсеткіштері жоғары бидай үлгілері бидай негізіндегі өнімдерді жасауда құнды материал бола алады.

Тірек сөздер: Күздік бидай, сорт-үлгілері, седиментация, белок, клейковина, дән сапасы, генотип.

Кіріспе. Бидай - әлемде 148 елдің негізгі азық-түлігі және көптеген елдердің экономикасында ерекше орын алатын экспорттық өнім [1, 2]. XX ғасырда халық санының өсуі бидай өндірісінің қарқынды өсуімен қатар жүрді, соңғы жылдары бидай мөлшері 600 млн тоннадан артты, ал егістік көлемі 210-220 млн гектардан асты [3,4,5].

Бидай адамның күнделікті рационының негізгі құрамдастарының бірі болып табылады. Мұнда барлық маңызды аминқышқылдары бар ақуызға бай, сонымен қатар крахмал, басқа да көптеген құнды қоректік заттар толық сау тамақтану үшін маңызды және ол ұзақ мерзімді сақтауға жарамды [6,7]. Жұмсақ және қатты бидай дәндерінің құрамында 11,6-12,5% ақуыз, шамамен 60% көмірсулар, 1,5% май, эфир майы, гемицеллюлоза, талшық, крахмал, пектин, глюкоза, фруктоза, лактоза, мальтоза,

рафиноза, Е, F, B1, B2, B6, C, PP, каротин, ниацин, холин, биотин, фолацин дәрумендер бар. Бидай дәні құрамынан калий, кальций, кремний, магний, натрий, күкірт, фосфор, хлор, алюминий, бор, ванадий, темір, йод, кобальт, марганец, мыс, молибден, никель, қалайы, селен, сияқты макро және микроэлементтер бар. стронций, титан, хром, мырыш, цирконий анықталған. Сонымен қатар 3,4% алмастырылмайтын амин қышқылдары (валин 520, изолейцин 470, лейцин 860, лизин 360, метионин 180, треонин 390, триптофан 150, фенилаланин 500) және 8,4% аминоланин (60, 670), гистидин 350, глицин 470, глутамин қышқылы 3350, пролин 1290, серин 600, тирозин 370, цистин 230) табылған [7].

Дәннің ең құнды бөлігі – ұрық, ол маңызды микроэлементтерге және ағзаға соншалықты пайдалы ұрық майына бай. Бидай дәндерінің құрамындағы талшық ішек моторикасын ынталандырады және қант пен көмірсулардың майға айналуын болдырмайды. Бидай кебегі, салмақты қалыпқа келтіруге арналған тиімді құрал. Бидайдың құрамына кіретін пектиндер адамның ішегіндегі зиянды заттарды сіңіреді, осылайша шірік процестерін азайтады және ішектің шырышты қабығының жазылуына ықпал етеді [8,9].

Халықтық медицинада бидай ұнынан, қуырылған бидай дәнінен, жас өскіндерінен, дәндер, кебек, сабаннан жасалған түрлі өнімдер емдік және диеталық ем ретінде қолданылады. Бал қосылған бидай қайнатпасы күшті қалпына келтіреді, әсіресе ұзақ аурудан кейін пайдалы, жөтелге, суық тиюге және респираторлық ауруларға көмектеседі. Ұрық пен кебекте маңызды биологиялық белсенді заттардың максималды мөлшері бар. Бидай кебегі және оның қайнатпасы теріні жұмсартады және нәрлендіреді [10]. Бұл жарма құрамындағы талшық май жасушаларының пайда болуына жол бермейді, бұл салмақ жоғалтқысы келетіндер үшін өте маңызды. Ішектегі зиянды заттар бидай дәндерінің құрамына кіретін пектиндермен сіңеді, бұл шірік процестердің дамуына жол бермейді, ішектің шырышты қабығын емдейді. Кәдімгі бидай препараттары ғылыми медицинада да қолданыла бастады. Атап айтқанда, бұлшық ет дистрофиясының әртүрлі түрлерімен ауыратын науқастарды емдеу үшін тағайындалған бидай ұрығынан алынған қалың сығынды «Холеф» (фехолин) кеңінен қолданылуда. Сондай-ақ бидай дәнінен тағы бір препарат алынды – күйдірілген дәннің иісі бар қою қоңыр түсті шайырлы сұйықтық «Митрошин сұйықтығы» деп аталады. Бұл тері аурулары – экзема, қабыршақты қыналар, нейродермит, шаш фолликуласының іріңді қабынуы (сикоз) үшін өте тиімді құрал [11].

Ауыл шаруашылық өндірісінде бидай сорттарына егін түсімінің жоғары болуымен қатар, дән сапасының да жоғары болуын талап етеді. Бидай сорттарының өнімділігін, дән және ұн сапасын арттыру селекцияда негізгі міндеттердің бірі.

Жұмыс мақсаты – Бидай дәнінің сапасы оның технологиялық немесе сапалық көрсеткіштеріне тікелей қатысты. Осы өзекті мәселеге орай ірікткеп алынған күздік бидай сорт-үлгілері дәнінің технологиялық көрсеткіштерін зерттеу мақсат етіп алынды.

Зерттеу материалы және әдістері. Зерттеу материалы ретінде Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтынан (БҚПҒЗИ) алынған күздік бидай сорт-үлгілері пайдаланылды [12]. Зерттеу жұмыстары Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында профессор А.І. Абуғалиеваның көмегімен орындалды.

Дәндегі ақуыздың және оның фракцияларының құрамы Кьельдал (ГОСТ 10846-91) [13] әдісімен және әзірленген калибрлеу теңдеулеріне сәйкес спектроскопиямен анықталды [14]. Крахмалдың құрамы поляриметриялық әдіспен, амилоза – йодометриялық әдіспен анықталды [15]. Ұнның седиментации көрсеткіші С.С.Синицын, Л.А.Зелова әдісімен анықталды [16].

Нәтижелер мен талқылаулар. Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтына (БҚПҒЗИ) қарасты танап жағдайында сұрыптап алынған күздік бидайдың коллекциялық сорт-үлгілерінің дән сапасы бағалау дәннің жылтырлығы,

седиментациясы, белогы, клейковинасы, ИДК (Клейковинаны деформациялау индексі) және Фаринограф көрсеткіштері бойынша жүргізілді. Дәннің жылтырлығы оның қаттылығының бір белгісі болып табылады және жылтыр бидайда негізінен белок пен жақсы сапалы клейковина көп болады. Нан пісіруге қажетті ұн көбінесе жылтыр, әрі қатты дәнді биайдан даярланады, мұндай нан жақсы бағаланады. Біздің зерттеулерімізде дән сапасының ең жоғары көрсеткішіне сәйкес келетін жылтырлық 688Н552 және 837Н292-4 үлгілерден (60-63%) алынды. Бұл үлгілердің дән құрамынан белок 18,5% және клейковина 36-40% мөлшеріде болып, жақсартқыш бидай тобына сәйкес келді.

Бидайдың шағын үлгілерінің сапасын бағалау үшін, седиментация әдісі пайдаланады. Қазіргі кезде седиментация көрсеткіші ұн сапасының негізгі белгісі болғандықтан, селекцияда бұл көрсеткішке ерекше назар аударады. Зерттелген сорт-үлгілер арасынан 837Н292-4, 2360Н1, 2554Н2, Г-2440-41-187, Линия 1007/74 Линия 1023/74 үлгілердің седиментациясы 37-44% жетті. Аталған сорт-үлгілердің дән құрамында белок 15,0-17,5) және клейковина мөлшері 32-40% аралығында болды, ал клейковинаны деформациялау индексі (ИДК) 90-110 бірлік аралығында ауытқыды. 10986х2448-214 және К-74503 үлгілердің ИДК көрсеткіші төмен нәтиже берді (80 бірлік). 2005 жылы сары тат қоздырғышына төзімді болған күздік бидай сорт-үлгілер арасынан 10986х2448-2 үлгінің жылтырлығы 55% жетіп, седиментациясы 40% болды (1-кесте).

1-Кесте – Іріктеп алынған күздік бидай сорт-үлгілерінің дән сапасы

Сорт-үлгілер атауы	Шығу тегі	Жылтырық, %	Седиментация, %	Белок, %	Клейковина, %	ИДК, бірлік
686Н25-9	Красноводопад МСС	51	32	13,7	33,6	100
688Н552	Красноводопад МСС	60	33	18,5	40,0	105
837Н292-4	Красноводопад МСС	63	38	17,5	36,0	95
1056Н16	Красноводопад МСС	51	32	15,7	32,0	95
2360Н1	Красноводопад МСС	52	44	15,6	33,2	90
2554Н2	Красноводопад МСС	51	37	14,0	27,2	95
5275Н2	Красноводопад МСС	51	30	13,1	25,6	110
686Н7976	Красноводопад МСС	51	32	15,1	30,4	110
Г-2440-41-187	Қазақ ЕҒЗИ	39	35	14,8	28,0	90
Г-9520	Қазақ ЕҒЗИ	23	32	13,5	25,2	90
Линия 1007/74	СКНИИФ	46	33	17,8	40,0	105
Линия 1023/74	СКНИИФ	43	28	18,6	39,6	120
13665Н7976	Красноводопад МСС	48	30	15,1	30,4	110
55494	Қазақ ЕҒЗИ	41	36	13,8	28,0	90
10986х2448-214	Қазақ ЕҒЗИ	55	40	16,0	30,8	80
К-74503	Мексика	23	31	13,7	25,6	80
Орташа көрсеткіш		44,25	33,88	15,73	32,15	96,88

Коллекциялық сорт-үлгілердің дән және ұн сапасы, оның ішінде: натурасы (г), жылтырлығы (%), седиментациясы (%), белогы (%), клейковинасы (%), ИДК (бірлік) анықталды. Бидайдың натуралық салмағы – сапаның неғұрлым кең таралған, қарапайым белгісі. Бұған дәннің формасы, өлшемінің бір тектілігі және тығыздығы әсерін тигізеді [6]. Біздің зерттеулерде натура және жылтырлық дән көрсеткіштерінің орташа, максимум және минимум мәні алынды. Бұл сорт-үлгілердің натурасында max. – 792,0 г, min. – 705,0,

орташа көрсеткіші – 734,45 г, ал жылтырлығының max. – 86,0% г, min. – 13,0%, орташасы – 68,75% теңелді.

Қамырдың сапасы негізінен ұнның құрам бөліктеріне байланысты. Олардың ішінде неғұрлым маңыздылары тұтас дәннен алынған белок, клейковина секілді фракцияларының туындылары болып табылады. Біздің тәжірибеде ұн құрамындағы белок мөлшерінің орташа көрсеткіші 17,29% құрады, ал клейковинаның орташа мөлшері 36,84% болды. Сорт-үлгілердің орташа седиментация саны 36,15% көрсетті (2-кесте).

2-Кесте – Күздік бидай сорт-үлгілерінің дән және ұн сапасы

Сорт-үлгі атауы	Шығу тегі	Дән		Ұн			
		Натура, г	Жылтырлық, %	Седиментация, %	Белок, %	Клейковина, %	ИДК, бірлік
Линия 1007/74	СКНИИФ	756	67	32	17,2	40,6	100
Линия 1023/74	СКНИИФ	742	65	32	16,1	34,8	105
686Н25-9	Красноводопад МСС	734	75	33	17,9	35,2	105
688Н552	Красноводопад МСС	745	66	32	16,4	34,4	105
837Н292-4	Красноводопад МСС	739	64	30	18,0	39,6	120
1056Н16	Красноводопад МСС	742	76	34	16,4	34,4	105
2360Н1	Красноводопад МСС	709	72	38	17,6	36,0	100
2554Н2	Красноводопад МСС	792	85	41	17,9	38,8	100
55494	Красноводопад МСС	706	74	40	17,6	40,0	95
5275Н2	Красноводопад МСС	756	80	30	17,0	36,0	115
686Н7976	Красноводопад МСС	716	79	34	19,5	43,6	120
Г9542хГ2155-6	Қазақ ЕҒЗИ	747	86	34	18,7	40,0	100
55059	Қазақ ЕҒЗИ	729	62	30	19,2	42,0	105
Г-2440-41-187	Қазақ ЕҒЗИ	763	83	44	18,5	40,4	95
10986х2440-48-214	Қазақ ЕҒЗИ	707	80	44	18,5	40,4	95
55366	Қазақ ЕҒЗИ	741	75	44	16,8	35,2	100
Г-9520	Қазақ ЕҒЗИ	705	13	24	15,0	30,4	110
57442	Қазақ ЕҒЗИ	720	38	44	14,5	30,0	105
К-74502	Мексика	705	70	41	17,7	36,0	105
К-74503	Мексика	735	65	42	15,7	32,0	85
Орташа көрсеткіш		734,45	68,75	36,15	17,29	36,84	103,5
Максимум		792,0	86,0	44,0	19,5	43,6	120,0
Минимум		705,0	13,0	24,0	14,5	30,0	85,0

Селекцияда өндіріске жаңа сорттар енгізуде бидайдың технологиялық сапасының, оның ішінде фаринограф көрсеткіштері және нан көлемі жоғары болуы керек. Фаринограммалар бойынша ұнның су сіңіру қабілеті, қамыр түзу уақыты, илеуге төзімділік, қамырдың ашуы, валориметрикалық баға жөнінде мәліметтер алуға болады. Сапалы нан алу үшін, мына факторларды: қамыр түзу ұзақтығы, илеуге төзімділігі, ашу уақыты, ашытқы мөлшері теңестіру керек. Қамырды илеу ұзақтығы уақытпен анықталады, бұл уақыт ішінде қамыр иленеді. Қамырдың әрбір үлгісін илеуден кейін, жұмсартуға дейін, сондай-ақ қалыпқа салуға дейін аралықты суды сіңіру қабілеті бойынша

бағалайды. Қамырдың илеуге төзімділігін оны илеуден, жұмсартудан және қалыпқа салғаннан кейін анықтайды. Нан көлемі нанды пісірген соң, іле-шала анықталады [6].

Зерттелген коллекциялық сорт-үлгілерде ұнның су сіңіру қабілетінің орташа көрсеткіші 64,20%, қамыр тұзу уақыты 2,35 мин., илеуге төзімділігінің орташа мәні 0,22 мин., қамырдың ашуы 202,5 бірлік, орташа валориметрикалық баға 32 бірлік құрады. Нан көлемінің жоғары көрсеткіші 505-620 см³ аралығында ауытқыды. Бұл аталған қасиеттерінің жақсы көрсеткіштер 1007/74, 2360Н1, 55494, 55366, К-74503 үлгілерден алынды (3-кесте).

3-Кесте - Күздік бидай сорт-үлгілерінің қамыр және нан сапасы

Сорт-үлгі атауы	Қамыр сапасы (Фаринограф көрсеткіштері)					100 г ұннан пісірілген нан көлемі, см ³
	ССҚ*, %	Қамыр тұзу уақыты, мин.	Илеуге төзімділік, мин.	Қамырдың ашуы, бірлік	Валориметрикалық баға, бірлік	
Линия 1007/74	65,8	2,5	0,5	140	40	620
Линия 1023/74	64,0	2,0	0,5	210	30	500
686Н25-9	64,8	2,0	0	230	28	450
688Н552	64,8	2,0	0	230	28	450
837Н292-4	62,0	2,5	0	210	29	460
1056Н16	64,8	2,0	0	200	30	505
2360Н1	66,0	2,5	0	180	36	510
2554Н2	67,0	2,5	0	200	34	420
55494	68,0	3,0	0,5	180	40	-**
5275Н2	65,4	2,0	0,0	220	30	-
Г9542хГ2155-6	64,8	2,5	0,0	190	32	400
55059	64,0	2,5	0,0	210	32	425
686Н7976	64,4	1,5	0,5	240	30	240
Г-2440-41-187	64,0	3,0	0,5	180	36	405
10986х2440-48-214	64,0	3,0	0,5	240	32	425
55366	61,0	2,5	0,5	200	36	-
Г-9520	56,0	2,0	0,5	200	36	-
57442	61,6	2,0	0,0	170	32	480
К-74502	65,0	2,5	0,0	250	28	400
К-74503	66,6	2,5	0,5	170	38	570
Орташа көрсеткіш	64,0	2,35	0,22	200	32	450
Максимум	68,0	3,0	0,5	250	40	620
Минимум	56,0	1,5	0,0	140	28	240

* ССҚ – ұнның су сіңіру қабілеті. ** - зерттелмеген

Зерттелінген күздік бидайдың сорт-үлгілерінің сапасына оның белгілі бір өнім шығаруға жарамдылығына қарай баға береді. БҚПҒЗИ коллекциялық үлгілері дәнінің технологиялық көрсеткіштері жылтырлығы (%), седиментациясы (%), белогы (%), клейковинасы (%), ИДК (бірлік) бойынша бағаланды. 688Н552, 837Н292-4 сорт-үлгілер

дән сапасының классификациясы бойынша, ең жоғарғыларға жатқызылды. Бидайдың дәні сапасына қарай клейковинасы 35-40 пайызды құрайтын жақсартқыштарға, 23-30 пайыз болатын құндыларға және 23 пайыздан кем болмайтын қанағаттанарлықтарға бөлінеді [242, 243]. 1056Н16, 2360Н1, 686Н7976, Г-2440-41-187, 686Н7976, Линия 1007/74, Линия 1023/74, 13665Н7976 және 57442 сорт-үлгілерде жылтырлығы төмен болғанымен седиментация (%), белок (%), клейковина (%), ИДК (бірлік) бойынша жақсартқыш бидай тобына сәкес келді.

Ұндағы белок мөлшері өте маңызды көрсеткіш, өйткені ұнның барлық басқа қасиеттері белгілі бір дәрежеде белок мөлшерінің қасиеті болып табылады. Қамыр сапасын білдіретін су сіңіру қабілеті, илеуге төзімділігі, өңдеуге қамырдың икемділігі белок мөлшерімен байланысты, нанның көлеміде белок мөлшерімен сәйкес келеді. Зерттелінген белок мөлшері көп болған үлгілерде тиісінше бұл қасиеттері жоғары болды (қамырдың ашуы 220-250 бірлік, валориметрикалық баға 36-40 бірлік, 100 г ұннан пісірілген нан көлемі 510-620 см³). Бұл қасиеттердің бәрі негізінен алғанда генотиптік факторларға байланысты. Сонымен қатар өсу жағдайларына да байланысты, яғни, экологиялық орта жағдайы және агротехникалық жағдайлар да бұған әсерін тигізеді. Дәнде белок заттарының мөлшері топырақтың климаттық жағдайына және агротехникалық жағдайларға байланысты ауытқып тұрады. Мұндай өзгешеліктер 2005 жылы алынған кейбір сорт-үлгілерінен (Линия 1007/74, Линия 1007/74, К-74503) байқалынды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тат түріне төзімді және шаруашылық-құнды белгілері жоғары болған жекелеген бидай сорт-үлгілері дәннің сапалық және технологиялық көрсеткіштері бойынша да ерекшеленеді. Аталған бегілер бойынша жоғары нәтижелер берген Линия 1007/74, Линия 1023/74, 837Н292-4, 1056Н16, 2360Н1, 55494, 57442, К-74503 сияқты сорт-үлгілерді күздік бидай селекциясында кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар, атап өтілген дәнінің сапа көрсеткіштері жоғары бидай үлгілері адам ағзасына тек нәрлі ғана емес, арнайы диеталық талаптары бар адамдар үшін қауіпсіз бидай негізіндегі өнімдерді жасауда құнды материал бола алады.

Әдебиеттер:

- [1] URL:https://www //el.kz/k-zdik_biday_sorttary_41014/ (дата обращения 21.12.2023)
- [2] URL:<https://www //baraev.kz/glavnaya/3230-azastandy-biday-sorttary-europaly-bidaydan-nesmen-arty.html> (дата обращения 22.12.2023)
- [3] URL:https://www //kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf11_agro_107. (дата обращения 04.05.2024)
- [4] **Уразалиев, Р.А.** Производство пшеницы в странах Центральной Азии // Матер. 1-Центрально-Азиатской конференции по пшенице. – Алматы, 2003. – С. 19.
- [5] **Shewry, P.R.** Wheat // J. Exp. Bot. 2009. N.60. – P. 1537-1553.
- [6] **Morgounov, A.** Wheat exchange network breeds new life into varietal development. <http://www.cymmyt.org>. 14.05.2012.
- [7] **Altenbach, S.B.,** Charlene T.K., Hurkman W.J. Vensel W.H. Expression of globulin-2, a member of the cupin superfamily of proteins with similarity to known food allergens, is increased under high temperature regimens during wheat grain development // J. Cereal Sci. 2009. N.49. – P. 47-54.
- [8] **Крупова, О.В.** О составлении качества зерна яровой и озимой пшеницы в связи с делением на рыночные классы // Сельскохозяйственная биология, 2013. – №1. – С.15-21.
- [9] **Романюкина, И.В.,** Марченко Д.М., Гричаникова Т.А., Рыбась И.А., Игнатьева Н.Г. Результаты изучения коллекционного материала озимой пшеницы на продуктивность и качество // Аграрная наука Евро-Северо-Востока, 2015. – № 6(49). – С. 4-8.
- [10] **Сидельникова, Н.А.,** Рядинская А.А., Крюков А.Н., Талдыкина Т.Н. Технологические свойства зерна озимой пшеницы селекции белгсха // Современные проблемы науки и образования, 2013. № 6. <https://science-education.ru/ru/article/view?id=10805>.

[11] **Kumar, P.**, Yadava R.K, Gollen B., Kumar S., Kant R.V. Nutritional Contents and medicinal properties of wheat a review // See discussions, stats, and author profiles for this publication at: <https://www.researchgate.net/publication/280920597> (дата обращения 11.03.2024)

[12] **Рсалиев, Ш. С.**, Туров Г.С, Турова Н.А. и др. Каталог генофонда сортообразцов пшеницы. п. Гвардейский, 1997. – 73 с.

[13] Зерно и продукты его переработки метод определения белка // Межгосударственный стандарт. Москва, 2009. – 9 с. <https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4294840/4294840031>. (дата обращения 15.04.2024)

[14] **Перуанский, Ю.В.**, Аbugалиева А.И., Савин В.Н. Методы биохимической оценки коллекционного и селекционного материала. Под ред. Ю.В. Перуанского. – Алматы, 1996. – 123 с.

[15] **Перуанский, Ю.В.**, Аbugалиева А.И., Тажибаева Т.Л. Способ определения устойчивости генотипов пшеницы к стрессовым факторам. Пат. РК №8174. 1999/ <https://kazniizr.kz/wp-content/uploads/2019/04/Abugalieva-Ajgul-Iztileuovna-doktor-biologicheskikh-nauk-professor-1>. (дата обращения 10.03.2024)

[16] **Синицын, С.С.**, Зелова Л.А. Массовое двукратное определение силы муки пшеницы на навесках зерна от 0.5 до 0.15 г. // Сиб. вестн. с.-х. науки., – 1978. – №3. – С. 39-44.

[17] URL:<https://www/moluch.ru/archive/185/47523/> (дата обращения 09.03.2024)

[18] URL:https://www.kazniizr.kz/kk/author/gulstan_nurikenova/ (дата обращения 1.03.2024)

References:

[1] URL:https://www.el.kz/k-zdik_biday_sorttary_41014/ (дата obrashhenija 21.12.2023)

[2] URL:<https://www.baraev.kz/glavnaya/3230-azastandy-biday-sorttary-europaly-bidaydan-nemen-arti.html>. (дата obrashhenija 22.12.2023)

[3] URL:https://www.kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf11_agro_107. (дата obrashhenija 04.05.2024)

[4] **Urazaliev, R.A.** Proizvodstvo pshenicy v ctranah Central'noj Azii // Mater. 1-Central'no-Aziatskoj konferencii po pshenice. – Almaty, 2003. – 19 p. [in Russian]

[5] **Shewry P.R.** Wheat // J. Exp. Bot.. 2009. №60. P. 1537-1553.

[6] **Morgounov, A.** Wheat exchange network breeds new life into varietal development. <http://www.cymmyt.org>. 14.05.2012.

[7] **Altenbach, S.B.**, Charlene T.K., Hurkman W.J. Vensel W.H. Expression of globulin-2, a member of the cupin superfamily of proteins with similarity to known food allergens, is increased under high temperature regimens during wheat grain development // J. Cereal Sci. 2009. №49. P. 47-54.

[8] **Krupova, O.V.** O sostavlenii kachestva zerna jarovoj i ozimoj pshenicy v svjazi s deleniem na rynochnye klassy // Sel'skohozjajstvennaja biologija. 2013. – №1. – P. 15-21. [in Russian]

[9] **Romanjukina, I.V.**, Marchenko D.M., Grichanikova T.A., Rybas' I.A., Ignat'eva N.G. Rezul'taty izuchenija kollekcionnogo materiala ozimoj pshenicy na produktivnost' i kachestvo // Agrarnaja nauka Evro-Severo-Vostoka. 2015. – № 6(49). – P. 4-8. [in Russian]

[10] **Sidel'nikova, N.A.**, Rjadinskaja A.A., Krjukov A.N., Taldykina T.N. Tehnologicheskie svojstva zerna ozimoj pshenicy selekcii belgsha // Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. 2013. № 6. <https://science-education.ru/ru/article/view?id=10805>. [in Russian]

[11] **Kumar, P.**, Yadava R.K, Gollen B., Kumar S., Kant R.V. Nutritional Contents and medicinal properties of wheat a review // See discussions, stats, and author profiles for this publication at: <https://www.researchgate.net/publication/280920597> (дата obrashhenija 11.03.2024)

[12] **Rsaliev, Sh.S.**, Turov G.S., Turova N.A. i dr. Katalog genofonda sortoobrazcov pshenicy. Gvardejskij, 1997. – 73 p. [in Russian]

[13] Zerno i produkty ego pererabotki metod opredelenija belka // Mezghosudarstvennyj standart. Moskva, 2009. – 9 p. <https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4294840/4294840031>. (дата obrashhenija 15.04.2024) [in Russian]

[14] **Peruanskiy, Ju.V.**, Abugaliev A.I., Savin V.N. Metody biohimicheskoy ocenki kollekcionnogo i selekcionnogo materiala. Pod red. Ju.V. Peruanskogo. – Almaty, 1996. – 123 p. [in Russian]

[15] **Peruanskiy, Ju.V.**, Abugaliev A.I., Tazhibaeva T.L. Sposob opredelenija ustojchivosti genotipov pshenicy k stressovym faktoram. Pat. RK №8174. 1999 / <https://kazniizr.kz/wp->

<content/uploads/2019/04/Abugaliyeva-Ajgul-Iztileuovna-doktor-biologicheskikh-nauk-professor-1>. (data obrashheniya 10.03.2024) [in Russian]

[16] **Sinicyn, S.S.**, Zelova L.A. Massovoe dvukratnoe opredelenie sily muki pshenicy na naveskah zerna ot 0.5 do 0.15 g. Sib. vestn., 1978. – №3. – 39-44. [in Russian]

[17] URL:<https://www //moluch.ru/archive/185/47523/> (data obrashheniya 09.03.2024)

[18] URL:https://www //kazniizr.kz/kk/author/gulstan_nurikenova/ (data obrashheniya 1.03.2024)

КАЧЕСТВО ЗЕРНА И ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОРТОВ ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ

Тилеубаева Ж.С.¹, кандидат биологических наук
Сапарбаева Н.А.², кандидат биологических наук
Айтжанова М.О.³, кандидат биологических наук
Кашкаров А.А.², кандидат сельскохозяйственных наук
Махатов Ж.Б.², магистр биологических наук

¹ *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы қ., Казахстан*

² *Южно-Казахстанский университет имени Ауэзова, Шымкент қ., Казахстан*

³ *Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы қ., Казахстан*

Аннотация. По производству пшеницы Казахстан является одной из крупнейших стран-экспортеров пшеницы и входит в десятку мировых лидеров. Основной проблемой развития сельского хозяйства является увеличение производства зерна, в том числе пшеницы, при сохранении ее пищевой ценности. Внедрение в производство отечественных новых сортов пшеницы требует детального изучения влияния сортовых особенностей на технологические свойства зерна с целью его дальнейшего использования. На основе данной проблемы в статье проведены исследования показателей качества зерна сортов-образцов озимой пшеницы. В качестве материала исследования использовали образцы озимой пшеницы, полученные из НИИ проблем биологической безопасности. Содержание белка в зерне и его фракциях определяли методом Кьельдаля (ГОСТ 10846-91). Содержание крахмала определяли поляриметрическим методом, амилозы – йодометрическим методом. Седиментационный показатель муки определяли по методике С.С. Сеницын, Л.А. Зеловой. По результатам исследований сорта пшеницы высокой хозяйственной ценности существенно различались по показателям качества зерна. Качество исследуемых сортов-образцов озимой пшеницы оценивали по их пригодности для производства определенного продукта. Технологические показатели зерна коллекционных образцов БКПЗИ оценивали по блеску (%), седиментации (%), белку (%), клейковине (%), ИДК (ед.). Сорта-образцы 688Н552, 837Н292-4 отнесены к высшим по классификации качества зерна. Линии 1007/74, Линия 1023/74, 837Н292-4, 1056Н16, 2360Н1, 55494, 57442, К-74503, давшие высокие результаты для этих сортов, могут быть широко использованы в селекции озимой пшеницы. Эти образцы пшеницы с высокими качественными показателями могут стать ценным материалом для изготовления продуктов на основе пшеницы.

Ключевые слова: озимая пшеница, сорта-образцы, седиментация, белок, клейковина, качество зерна, генотип.

GRAIN QUALITY AND MAIN INDICATORS OF WINTER WHEAT VARIETIES

Tileubaeva Zh.S.¹, Candidate of Biological Sciences
Saparbaeva N.A.², Candidate of Biological Sciences
Aitzhanova M.O.³, Candidate of Biological Sciences
Kashkarov A.A.², Candidate of Agricultural Sciences
Makhatov Zh.B.², Master of Biological Sciences

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city, Kazakhstan*

²*M. South Kazakhstan University named after Auezov, Shymkent city, Kazakhstan*

³*Kazakh National Pedagogical University of Girls, Almaty city, Kazakhstan*

Abstract. In terms of wheat production, Kazakhstan is one of the largest wheat exporting countries and is among the top ten world leaders. The main problem of agricultural development is to increase the production of grain, including wheat, while maintaining its nutritional value. The introduction of new domestic wheat varieties into production requires a detailed study of the influence of varietal characteristics on the technological properties of grain for the purpose of its further use. Based on this problem, the article conducted studies of grain quality indicators of winter wheat sample varieties. Winter wheat samples obtained from the Research Institute for Biological Safety Problems were used as research material. The protein content in grain and its fractions was determined by the Kjeldahl method (GOST 10846-91). The starch content was determined by the polarimetric method, amylose - by the iodometric method. The sedimentation index of flour was determined according to the method of S.S. Sinitsyn, L.A. Zelova. According to the results of studies, wheat varieties of high economic value differed significantly in terms of grain quality. The quality of the studied winter wheat sample varieties was assessed by their suitability for the production of a specific product. Technological indicators of grain from collection samples of BKPZI were assessed by gloss (%), sedimentation (%), protein (%), gluten (%), IDK (units). Sample varieties 688N552, 837N292-4 are classified as the highest according to the grain quality classification. Lines 1007/74, Line 1023/74, 837N292-4, 1056N16, 2360N1, 55494, 57442, K-74503, which gave good results for these varieties, can be widely used in winter wheat breeding. These high-quality wheat samples can become valuable materials for the manufacture of wheat-based products.

Keywords: winter wheat, sample varieties, sedimentation, protein, gluten, grain quality, genotype.

ФАКУЛЬТАТИВТІ ЖҰМСАҚ БИДАЙДЫҢ БОЛАШАҚТЫ НОМІРЛЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚҚА – ҚҰНДЫ БЕЛГІЛЕРІ

Нүрпейісов И.А., биология ғылымдарының докторы,
nisatay@mail.ru, ORCID 0009-0002-4979-8538

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алмалыбақ ауылы, Алматы облысы, Қазақстан

Андатпа. Мақала бәсекеге қабілетті сорт сынау питомнигінде (БКССП) факультативті бидай номірлерінің шаруашылыққа-құнды белгілері мен биологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған. Нәтижесінде БКССП факультативтік бидайдың барлық номірлері өніп-өсу – масақтану кезеңінің ұзақтығы бойынша орташа және орташадан ерте пісетіндігі (күзгі себісте 169-дан 176-ға күнге дейін, көктемгі себісте 40-52 күнге дейін) анықталды.

Онтөрт номір (Лютесценс 365; 672; 1089; 211, 363, 957, 665; Эритроспермум 629; 333; 305; 1025; 886; 374; 105; 1025 және Ферругиненум 741) сары татқа қарсы иммунитетті көрсетті; 4 номір (Эритроспермум 333, 1025, 374 және Лютесценс 211) жапырақ татына орташа төзімділігімен және 4 номер (Лютесценс 671, 365, 696, 693) сабақтың татына орташа бейімділігімен сипатталды.

Дәннің мөлшері (772 – 844 г/л), шыны тәрізділігі (60-тан 78%-ға дейін), қамыры (34,6-дан 51,5%-ға дейін) және ақуызы (15,2-ден 17,2%-ға дейін) сияқты өнім сапасының көрсеткіштері бойынша зерттелген номірлер күшті бидай санатына жатқызылды.

Он номір күздік және жаздық себісте де ең жоғары өнімділікпен ерекшеленді: - Лютесценс 957; Лютесценс 693; Эритроспермум 105; Эритроспермум 305; Эритроспермум 629; Лютесценс 365; Лютесценс 696; Эритросперма 886; Эритроспермум 374 және Эритроспермум 507. Олар Қазақстанская 10 стандартымен салыстырғанда күздік егісте 6,2-10,2 ц/га дейін, көктемгі егісте 4,2-7,7 ц/га дейін артық өнімділігін көрсетті.

Шаруашылыққа құнды белгілердің жеке көрсеткіштерімен ерекшелінген номірлер бидай селекцисында олардың көздері бола алады, ал белгілер мен қасиеттер жиынтығы бойынша іріктелген номірлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сорт сынауына өткізуге керек болашақты жаңа сорттар болып табылады.

Тірек сөздер: факультативті (екі қолды) бидай, шаруашылыққа-құнды белгілер мен қасиеттер, бәсекеге қабілетті сорт сынау питомнігі.

Кіріспе. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өндірісте күздік бидайдың 27 және жаздық жұмсақ бидайдың 55 сорты пайдалануға рұқсат етілген. Олардың ішінде «Казахстанская 10», «Память 47», «Интенсивная» және «Егемен» ғана факультативті сорттар болып табылады, бұл әрине жеткіліксіз. Факультативті (екі қолды) дақылдардың күздік және жаздық дақылдарға қарағанда генетикалық жағынан қоршаған ортаға жоғарғы икемділігі мен бейімделгіштігіне байланысты артықшылығы бар, бұл оларды өсімдік шаруашылығында танымал етеді [1,2].

Күздік бидайдың көптеген сорттары қыстың қолайсыз жылдарында қатты зақымданады, бұл астық шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіреді [3]. Өйткені көктемде оның орнына егістік алқапты қайта өңдеп, басқа жаздық дақылдардың бірін себуге тура келеді. Әрине содан барып ондай егістің өнім тазалығы да нашарлайды. Ал қыстан зақымданған бидайдың факультативті сортына ерте көктемде үстеме егіс жүргізу арқылы жақсы және таза сортты өнім алуға болады.

Бидайдың факультативті сорттары әсіресе ауа-райы жұмсақ аймақтарда [4] және ұйымдастырушылық-өндірістік себептерге немесе күзгі құрғақшылық жағдайына байланысты бидай егу мерзімімін алмастыруға да өте қажетті дақыл болып саналады. Мысалы, күзгі құрғақшылық ҚР оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жиі қайталанады және күздік бидайдың кеш егілуіне, сәйкесінше оның өнімінің төмендеуіне әкеледі. Ал

мұндай жағдайда да бидайдың факультативті сорттарының күздік және жаздық сорттарға қарағанда генетикалық жағынан қоршаған ортаға жоғарғы икемділігі мен бейімделгіштігіне байланысты артықшылығы [2] олардың күзгі-көктемгі егістері шаруашылықты кепілді астық жинаумен қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда ТМД елдерінің ғылыми басылымдарынан бидайдың факультативтік сорттарын шығару туралы бірен-саран еңбектер ғана белгілі. Мысалы, Қазақстан Республикасында Красноводопад Мемлекеттік селекция станциясында селекционер А. К. Голбек бидайдың жергілікті популяцияларынан жақсы қыстайтын пішіндерді іріктеп алып, таңдаулы екі қолды «Красная звезда» сортын шығарды. Бұл сорт өткен ғасырдың 50-60-жылдары Қазақстанның оңтүстігінде және Өзбекстанда 300 мың гектар жерге егілген. Кейіндері оны Безостая 1 сортының аудандастырылуна байланысты құрғақшылық жылдары ғана егетін болды [5].

Екі қолды «Интенсивная» сортын Қырғызстан егіншілік ғылыми-зерттеу институты күздік Безостая 4 сортын жаздық Казахстанская 126 сортымен шағылыстыру арқылы шығарған. 1978 жылдан бастап ол сорт Қырғызстанда күзгі және көктемгі егіс үшін тәлімі және суармалы жерлерімен Өзбекстанның ылғалмен қамтамсыз етілетін тәлімі жерлеріне және Арменияның солтүстік-шығыс аймағына аудандастырылған [6]. Бұл сорт 1987 жылы Қазақстанның Түркістан облысына да өндірісте пайдалануға ұсынылған.

«Казахстанская 10» екі қолды бидай Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты мен Семей ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы бірлесе отырып, күздік бидайдың Прибой сортын жаздық Стрела сортымен шағылыстырудан алынған будандық популяциясынан жеке сұрыптау әдісін қолдану арқылы шығарылған. Сорт 1990 жылдан Қырғызстанда, 1992 жылдан Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Ресей Федерациясының Башқұртстанында аудандастырылған [5].

«Памят 47» факультативтік сорты Красноводопад Мемлекеттік селекциялық станциясында И - 298669 Үнді аласа бойлы бидайын (П - 10 х Мичуринка) х Безостая 1 линиясы мен Мексиканың К - 47157 сортық үлгісін күрделі сатылы будандастыру арқылы шығарылды. Сорт 1995 жылдан бастап еліміздің Түркістан облысына пайдалануға берілген [5].

Бидайдың «Егемен» факультативті сорты Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында СИММУТ XWN84305R*5/AGA//SNI/3/TRK/3 халықаралық питомнигінің материалынан жеке сұрыптау әдісін пайдалану арқылы шығарылған. Сорт 1995 жылдан бастап еліміздің Түркістан облысына өндірісте пайдалануға ұсынылған [5].

Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығы (ТМД) елдерінде бидайдың факультативті сорттарын шығару мақсатты түрде 1994 жылдан бастап тек қана Ресейдің П.П. Лукьяненко атындағы «Ұлттық астық орталығы» Федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінде жүргізіле бастады. Олардың бірінші факультативті жұмсақ бидай сорты 2001 жылы Ласточка деген атпен Мемлекеттік сорт сынауына берілді [7,8]. Бұл сорттың өнімділігі күзгі егісте жыл жағдайына байланысты 75-80 ц/га, ал көктемгі егісте 60-65 ц/га болып, аудандастырылған жаздық бидай сорттарының өнімділігінен 15-20 ц/га артық болды.

Ресейдің аталған «Ұлттық астық орталығында» факультативті бидай селекциясы жұмысының жаңа кезеңі Велена сортын шығарудан басталды. Ол күзгі және көктемгі егістің әртүрлі мерзімдегі себістерінде жоғары өнімділігімен ерекшеленіп гектарына 10 тоннадан астам өнім алу қабілеттілігін көрсетті [9, 10].

Ал алыс шет елдеріне келетін болсақ оларда бидайдың факультативті сорттары, жаздық бидай сорттары күзгі егістік дақыл болып табылатын Мексика, Түркия және Иракты қоспағанда өндірісте пайдаланбайды [11].

Айта келе, Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтары жағдайына жаңа, жоғары өнімді, өнімі сапалы және қоршаған ортаның қолайсыз әсерлеріне төзімді бидайдың факультативті сорттарын шығару агроөнеркәсіптік кешеннің өзекті қолданбалы мәселелерінің бірі болып табылады. Алайда, соған қарамастан, олардың селекциясы біздің елде жеке зерттеу саласы ретінде қарастырылмаған [12]. Осыған орай, 2013 жылдан бастап Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ЖШС-де Қазақстан Республикасы бойынша алғаш рет факультативті жұмсақ бидай сорттарының мақсатты селекциялық жұмыстары басталды. Нәтижесінде факультативті бидайдың жеке және күрделі шаруашылыққа бағалы белгілері мен биологиялық қасиеттері бойынша жаңа көздері ерекшеленді, будандастыру үшін ата-аналық жұптарды таңдаудың негізгі қағидалары анықталды, жаңа буданды популяциялар, литниялар мен болашақты номерлер бөлініп алынды. Селекциялық жұмыста факультативті үлгілерді сұрыптау көрсеткіштерінің бірі ретінде өсімдіктің өскін-масақтану кезеңінің ұзақтығын пайдалануға болатындығы белгілі болды.

Қазіргі кезеңде факультативті бидайдың ең жақсы нөмірлері селекциялық жұмыстың аяққы питомниктерінде шаруашылыққа құнды белгілері мен биологиялық қасиеттері кешені бойынша бағалануда. Ұсылынып отырған мақалада осындай нөмірлердің бәсекеге қабілетті сорт сынау питомнигіндегі (БҚССП) көрсеткіштері талқыланған.

Материалдар мен тәсілдер. Зерттеу тәжірибелері Алматы облысының тау етегі аймағында ашық каштан топырағында жүргізілді. Зерттелетін БҚССП нөмірлер екі мерзімде – жалпы қабылданған классикалық әдіс бойынша күзде және көктемде егілді; есептеулер мен бақылаулар, сонымен қатар астықтың технологиялық сапасын бағалау мемлекеттік сорт сынағы әдісі бойынша жүргізілді [13].

Селекциялық материалдың ауруларға төзімділігі халықаралық шкала бойынша бағаланды: - Гасснер және Стрейб [14] (сары тат); Мэйнс пен Джексон [15] (қоңыр тат); Стекман-Левин [16] (сабақ таты). Тат ауруына зақымдану (%) 1, 5, 10, 20, 30, 40...100% дәрежесімен Коб [17,18] өзгерткен Петерсон Р.Ф шкаласы бойынша бағаланды.

Зерттеу нәтижесін статистикалық өңдеу ашық бастапқы R бағдарламасы (R нұсқасы 3.2.3 (2015-12-10) -- «WoodenChristmas-Tree») көмегімен орындалды. Стандартты параметрлік тестілер мен талдаулар жүргізіліп, алған нәтиженің статистикалық дәлдігі кірістірілген және қосымша пакеттер (dplyr, ggplot2, psuch және т.б.) арқылы анықталды [19].

Нәтижелер мен талқылаулар. Төменде көрсетілген бірінші кестеде күзгі және көктемгі егіс кезіндегі БҚССП-дегі факультативті бидай нөмірлерінің шаруашылыққа құнды белгілерінің көрсеткіштері берілген.

Өндіріс үшін әртүрлі мерзімде пісетін бидай сорттарын шығаруда өсімдіктердің өскін - масақтану кезеңінің ұзақтығы үлкен мәнге ие. Осы ретте күзгі егістегі БҚССП барлық факультативті нөмірлері орташадан кеш пісетін Казахстанская 10 (180 күн) стандарты сортымен салыстырғанда Эритроспермум 305 нөмірінен басқасы негізінен 4 - 10 күнге ерте масақтанатынын көрсетті. Күзгі себістегі оларды шартты түрде 2 топқа бөлуге болады:

- 1) өскін – масақтану кезеңінің ұзақтығы 169-дан 172 күнге дейінгі нөмірлер тобы;
- 2) өскін – масақтану кезеңінің ұзақтығы 173-тен 176 күнге дейінгі нөмірлер тобы. Осыған ұқсас көрініс БҚССП зерттелген нөмірлердің көктемгі егісінде де байқалады. Мұнда стандарт сорты мен (52 күн) нөмірлер арасындағы өскін - масақтану ұзындығының айырмашылығы 3-тен 10 күнге дейін ауытқиды. Олардың ішінде тек ғана 3 нөмір - Лютесценс 363 (Фитон х Богарная 56), Лютесценс 957 (РВW 343* 2-3 х Богарная 56), Лютесценс 665, (Целинная 3с х Богарная 56) стандарт Казахстанская 10 деңгейінде өскін - масақтану ұзындығын көрсетті. (1-кесте)

1-кесте – Бәсекеге қабілетті сорт сынау питомнигіндегі факультативті бидай номерлерінің күзгі және көктемгі егістегі щаруашылыққа-құнды белгілерінің көрсеткіштері, 2020 - 2022 ж. ж.

Каталог	Тегі	Өскін - масактану, күн		Орташа өнім, ц/га		Дән сапасы				Тат аурулары,%		
		күз	көктем	күз	көктем	Көлемі, г/л	Шынылығы, %	Қамыры, %	Ақуызы, %	сары	қоңыр	сабақ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Лютесценс 671	Целинная 3с X Богарная 56	174	42	38,0	28,9	778	66	41,0	15,3	10S	60S	40MS
Лютесценс 365	Фитон С 50 X Алмалы	171	42	41,9	30,1	774	74	42,5	16,4	0	40MS	40MS
Лютесценс 696	Фитон С 50 X Алмалы	173	42	41,2	30,4	772	78	51,5	17,2	10S	40S	30MS
Лютесценс 672	Целинная 3с X Богарная 56	174	43	36,6	32,0	769	72	45,3	16,1	0	80S	60S
Эритроспермум 1014	Фитон С 50 X Богарная 56	176	47	38,1	27,3	796	76	41,6	16,1	10MS	30MS	40S
Лютесценс 1089	Целинная 3с X Богарная 56	174	42	38,4	27,8	793	60	40,9	16,2	0	60S	50S
Эритроспермум 507	ЕТА X Каз 10	170	42	40,4	31,1	789	63	39,9	15,7	5S	80S	60S
Лютесценс 693	Polucarlisovaуа X Казахстанская 10	170	40	48,2	28,7	789	56	34,9	14,6	5S	60S	30MS
Эритроспермум 629	Уральская кукушка X Алмалы	169	46	42,6	33,8	783	69	37,7	15,3	0	80S	60S
Велитинум 7025	Фитон С 50 X Алмалы	175	40	38,1	26,8	-	-	-	-	10S	60S	60S
Лютесценс 211	Байтерек X CV Lada	170	45	42,0	23,8	805	79	41,8	15,6	0	40MR	40S
Эритроспермум 333	Интенсивная X QT 6581-1	176	47	37,4	28,5	803	62	34,6	14,1	0	20MR	40S
Лютесценс 363	Фитон С 50 X Алмалы	171	51	43,1	25,6	802	75	40,8	15,0	0	60S	40S
Эритроспермум 305	Казахстанская 17 X Егемен	179	49	43,5	29,4	787	74	35,8	15,5	0	30S	30S
Эритроспермум 1025	Целинная 3с X Богарная 56	176	43	37,7	27,3	78-7	74	44,5	16,5	0	20MR	40S
Лютесценс 957	PBW 343* 2-3 X Богарная 56	174	52	48,4	29,8	789	75	43,5	15,8	0	20S	40S
Эритроспермум 886	PBW 343* 2-2 X Стекловидная 24	169	47	41,0	29,0	792	76	37,9	17,0	0	60S	60S
Эритроспермум 374	Интенсивная X Казахстанская 10	173	43	41,9	27,4	797	73	41,4	15,9	0	20MR	50S
Ферругинеум741	Интенсивная X PBW 343* 2-1	175	48	37,9	28,0	804	77	39,4	16,0	0	60S	60S
Лютесценс 665	Целинная 3с X Богарная 56	172	51	44,1	25,8	806	74	43,9	16,1	0	70S	30MS

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Эритроспермум 105	Уральская кукушка X Стекловидная 24	170	42	46,1	26,7	811	77	36,7	15,5	0	40S	50S
Эритроспермум 1025	Целинная 3с X Богарная 56	176	43	37,7	27,3	787	74	44,5	16,5	0	20MR	40S
Стандарт	Казахстанская 10	180	52	37,9	24,3	761	79	38,8	17,4	10 MS	40S	60S

Ескерту: О-ауруға қарсы иммунитет; **MR**-ауруға орташа төзімді; MS-ауруға орташа бейімді; S-ауруға бейімді.

Annotation. Scientific research on the fauna, ecology and economic significance of lepidopteran insects (INSECTA, *Lepidoptera*) of agro-cenoses of South-Eastern Kazakhstan has an urgent significance and novelty, since they are based on completely different model objects in comparison with similar studies conducted in the countries of the far and near abroad (Russia, Ukraine, Central Asian states) and their data in no way can solve local problems related to the fauna of Lepidoptera for the conditions of agro-cenoses of Southeastern Kazakhstan. We studied the fauna, ecology, economic importance and gave a logical justification for measures to combat the most harmful species of Lepidoptera insects (INSECTA,

Lepidoptera) in the agro-cenoses of Southeastern Kazakhstan. In the course of field research, traditional methods generally accepted in entomology with original modifications were used to collect lepidoptera faunal materials. During the research period in 2022-2024, we registered a total of 134 species of *Lepidoptera* insects. In the course of field research on crops and plantings of agricultural crops, 30 species of butterflies were discovered, which are mainly represented by representatives of the scoop family. Field experiments have also been conducted to determine the biological effectiveness of certain insecticides in the fight against cabbage scooper caterpillars.

Keywords: *Lepidoptera*, species composition, fauna, biological efficiency, insecticide.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОЦЕНОЗДАРЫНДАҒЫ ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫ БӨЖЕКТЕРДІҢ (INSECTA, LEPIDOPTERA) ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАСЫНДА ИНСЕКТИЦИДТЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Туменбаева Н. Т.¹, PhD

Момбаева Б. К.², PhD

Закиева А.А.³, PhD

Амангелді Н.⁴, PhD

Бакесова Р.М.⁵, PhD

¹*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан*

²*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

³*Шәкәрім атындағы университет, Семей қ., Қазақстан*

⁴*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

⁵*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан*

Андатпа. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның қабыршаққанатты бөжектердің (*INSECTA*, *Lepidoptera*) фаунасы, экологиясы және шаруашылық маңызы бойынша ғылыми зерттеулер өзекті және жаңалығы бар, өйткені олар алыс және жақын шет елдерде (Ресей, Украина, Орталық Азия мемлекеттері) жүргізілген ұқсас зерттеулермен салыстырғанда мүлдем басқа модельдік объектілерге негізделген олардың деректері Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы агроценоз жағдайлары үшін қабыршаққанаттылар фаунасына байланысты жергілікті мәселелерді шеше алмайды. Қабыршаққанаттылардың фаунасын, экологиясын, шаруашылық маңызын зерттеп, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның агроценоздарындағы жәндіктердің ең зиянды түрлері - қабыршаққанаттылармен (*INSECTA*, *Lepidoptera*) күресу шараларына биологиялық негіздеме берді. Далалық зерттеулер барысында қабыршаққанаттылардың фауналық материалдарын жинау үшін энтомологияда жалпы қабылданған дәстүрлі әдістер түпнұсқа модификациялармен қолданылды. 2022-2024 жылдардағы зерттеу кезеңінде біз қабыршаққанатты бөжектердің 134 түрін тіркедік. Далалық зерттеулер барысында дақылдарды егу мен отырғызу кезінде оларға зиян келтіретін түн көбелектердің 30 түрі табылды. Сондай-ақ, ең көп зиян келтіретін түн көбелектерінің ішіндегі, қырыққабат түн көбелегінің жұлдызқұрттарына қарсы күресу шаралары жасалып, инсектицидтердің биологиялық тиімділігін анықтау бойынша далалық тәжірибелер жүргізілді.

Тірек сөздер: Қабыршаққанаттылар, түр құрамы, фауна, биологиялық тиімділік, инсектицид.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АСБҰРШАҚ ДАҚЫЛЫНЫҢ (*PISUM SATIVUM L.*) ЗИЯНКЕСТЕРІ ЭНТОМОФАГТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ

Момбаева Б.К.¹, PhD

bekzat.mombaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-5977-1976>

Түменбаева Н.Т.², PhD

nagi_kosi@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7320-0615>

Калиева Л.Т.³, PhD

kalieva231273@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1252-1711>

Уалиева А.Б.⁴, магистр,

ualiyevaal@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-6126-6105>

Досмағанбетова А.О.⁴, магистр,

aker@inbox.ru <https://orcid.org/0000-0002-0296-1142>

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

²С.Сейфуллин атындағы агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан

³Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

⁴Шәкәрім атындағы университет, Семей қ., Қазақстан

Андатпа. Ақмола облысы жағдайында, бұршақ дақылының зиянкестері бұршақ бітесі мен түйнекті бізтұмсықтың жаппай көп кездескен энтомофагтары анықталды, олардың санының ауытқуы, экологиялық жағдайлардың энтомофагтарға әсер ету дәрежесіне байланысты биологиялық ерекшеліктері зерттелді, сонымен қатар энтомофагтардың тиімділігі негізделді. Зерттеу нәтижелері негізінде, зиянкес түйнекті бізтұмсықтардың санын басуда жыртқыш майда қоңыздардың ішінен энтомофагтардың басым, өте маңызды, тиімді топтары анықталды. Олар: *Bembidion femoratum*, *V. quadrimaculatum*, *V. lampros*, *Microlestes minutulus*. Ал, бұршақ бітесінің энтомофагтары қатарына бұршақ дақылының әртүрлі өсу кезеңдерінде кездесетін, экологиялық жағдайларға бейімделген, көп кездесетін (*Syrphidae* тұқымдасының түрлері: *Syrphusribesii*L., *S. Corollae*R., *S. balteatus*Deg., *Sphaerophoha*sp.; *Coccinellidae*: *Coccinella septempunctata* L., *C. quinguepunctata* L., *Propylaea quatuordecimpunctata* L., *Hippodamia tredecimpunctata* L., *Adoniavariegata* Goeze., *C. trifasciata*L., *Chrysopidae*: *Chrysopacarne*a Steph., *Ch. septempunctata*). Сонымен қатар, фитофагтар мен энтомофагтардың маусымдық динамикасы мен биоэкологиясы зерттелді. Аймақтағы бұршақ дақылының бұршақ бітесі зиянкестерінің кокцинеллид (*Coccinellidae*) туысының үш түрі табылды, ал, түйнекті бізтұмсық зиянкестерінің 4 түрлі жыртқыш майда қоңыздары анықталды. Ақмола облысы, Шортанды ауданы жағдайында бұршақ дақылының зиянкестерінің энтомофагтарының тиімділігіне биоэкологиялық негіздеме берілді.

Тірек сөздер: Асбұршақ дақылы; зиянкестер; энтомофагтар; фитофагтар; бұршақ бітесі; түйнек бізтұмсығы; биологиялық күресу шаралары.

Кіріспе. Асбұршақ – бұршақ дақылдарының негізгісі. Олар ақуызға бай, азық-түлік пен техникалық ресурстарды ұлғайтуда үлкен маңызға ие. Асбұршақ дақылы топырақты азотпен, байытып, оның құнарлылығын арттырады, сонымен қатар бұл дақылдардың өнуіне орасан зор ықпал етеді. Алайда, бұршақ дақылдары біздің зерттеу жүргізіп отырған Ақмола облысы, Шортанды ауданында көптеген зиянкестерге, яғни фитофагтарға бұршақ бітесі мен түйнек бізтұмсығымен зақымдалады. Нәтижесінде бұршақ дақылы өз өнімділігін жоғалтады [1-5].

Соңғы уақыттарда асбұршақтың зиянкестеріне қарсы химиялық күресу шаралары кеңінен қолданылады, бірақ олардың қаншалықты пайдалы екендігіне негіздеме берілмеді, бұл өз кезегінде агроценоздарға кері әсерін тигізіп, пестицидтерді үнемі

қолдану көптеген шығындарға әкеп соқты. Осыған байланысты, химиялық қорғау шараларын қолдану үшін зиянкестердің саны экономикалық зияндылық шегінен (ЭЗШ) асатын жағдайда ғана қолдану қажеттілігін қатаң шектеу қажет, сақталған дақылдардың құны қоршаған ортаға келтіретін экологиялық қауіпсіздігі кезінде оны қорғауға кеткен шығынды өтеуі қажет [6-10]. Ал бұл міндеттерді шешу, өсімдіктерді биологиялық қорғау шараларын негізгі әдіс ретінде қолданып, энтомофагтардың саны мен белсенділігін анықтай отырып, өте тиімді шешуге болады. Бұл энтомофагтардың алуан түрлілігін, сонымен қатар олардың биоценоздағы фитофагтармен ара- қатынасын, байланысын білу, зерттеу қажеттілігін тудырады. Зиянкестердің түрін, санын, белгілі бір арақатынасын білу негізінде инсектицидтермен күресу шараларын жойып, биологиялық күресу шараларын қолдануға болады. Өсімдіктерді биологиялық қорғаудың бұл бағыты фитофагтардың санын өзін-өзі реттеу механизмдерін қолдана отырып, экологиялық және экономикалық талаптарға жауап береді [11-13].

Зерттеу жүргізілген жылдардағы ауа – райының өзгешеліктеріне байланысты асбұршақ дақылының вегетациялық кезеңдері салыстырмалы түрде алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеленеді [14-15]. Сондықтан оларды үш топқа бөліп қарастырдық: Жаз басындағы құрғақшылықпен (2021), орташа ылғалдылықпен (2022), ылғалды (2023). Бұл жерден байқайтынымыз асбұршақ дақылы үшін ең қолайсыз жыл құрғақшылық жылы болды, себебі асбұршақ дақылы ылғалдың жетіспеушілігіне өте сезімтал өсімдік, әсіресе гүлдену кезеңінде ылғалды қажет етеді. Мұның өзі, дақылдың зиянкестері, фитофагтары мен олардың энтомофагтарының түрлік құрамы мен санына, әр түрлілігіне әсері орасан зор. Сондай ақ, олардың триоторф жүйесіндегі қатынастарына да әсерін тигізді [16-19].

Материалдар мен әдістер. Біздің зерттеу нысандарымыз бұршақ дақылының *Pisumsativum* var. *ecadicum* сорты мен оның негізгі зиянкестері: түйнекті бізтұмсық *Sitona* және *Acyrtosiphon* туыстарына жататын бұршақ бітесінің түрлері және олардың *Carabidae*, *Syrphidae*, *Coccinellidae*, *Chrysopidae* тұқымдастарына жататын энтомофагтары.

Біз зерттеу жүргізу кезінде бірнеше дәстүрлі әдістерді қолдандық [20]. Энтومологиялық қаққыштармен сермеп, зиянкестерді аулау. Егістіктің 10 нүктесінде энтومологиялық қаққыштармен 10 жолы сермеп, зиянкестерді ауладық; Топыраққа тұзақтар қою тәсілі. Тұзақтарды екі паралель қатарға әрбір 20 метр сайын орналастырдық. Жалпы сегіз тұзақ қойылды. Оларға түскен зиянкестерді 5-10 күнде бір рет жинап алып отырдық. Со-сын, қайтадан жаңартып тұзақтар қойылды; Аландарды есепке алу. Жалпы алаңның 16 нүктесіне 50x50 см шаршы жақтаулармен бір реттік есептеулер жүргізілді. Ол Z – тәрізді етіп сызық бойына орнатылды. Шаршы жақтауды топырақ бетіне орналастырып, ондағы өсімдіктерде, сонымен қатар топырақтағы табылған зиянкестер саны (50x50 см шаршы жақтау ішіндегі) анықталды; Зерттеу үшін алынған үлгі өсімдіктердегі зиянкес санын анықтау. Зиянкестерді санау үшін, тәжірибеге алынған 30 нүктеден үш дана үлгі өсімдіктердегі табылған бөжектер саны саналды. Есепке алу үлгі ретіндегі өсімдіктерді топырақ тұзақтары орналасу орнына екі қатар паралель орналастырып, сонымен қатар басқа да энтомологиялық қаққыштармен есептеумен бірге жүргізілді. Асбұршақ дақылындағы бұршақ бітесінің колониялар саны, әр колониядағы аталған зиянкестер саны, сонымен қатар олардың энтомофагтарының дамуының барлық кезеңдері, саны есептелді.

Нәтижелер. Ақмола облысы, Шортанды ауданы жағдайындағы асбұршақ зиянкесі *Sitona* туысының түйнек бізтұмсығы мен олардың энтомофагтары. 2021 және 2022 жж. Бұршақ дақылында түйнекті бізтұмсықтардың алғашқы қоңыздары маусым айының алғашқы он күндігінде пайда болды, ал 2023 жылы маусым айының екінші онкүндігінде пайда болған болатын. Аталған зиянкестер пайда болғаннан кейін артынша олардың энтомофагтары да байқалды.

Зерттеу кезеңінде бұршақ дақылының егісінде Ақмола облысы жағдайында зиянкес

түйнекті бізтұмсықтардың жыртқыш энтомофагтарының төрт түрі анықталды: *Bembidion* тұқымдасының 3 түрі және *Microlestes* тұқымдасының бір түрі (1-кесте).

1-кесте – Энтомофаг – жер қоңыздарының түрлік құрамы

Түрлері	Жылдардағы саны, %		
	2021	2022	2023
<i>B.femoratum</i>	51,6	27,4	24,8
<i>B.quadrimaculatum</i>	18,4	17,4	27,7
<i>B.lampros</i>	21,7	48,8	43,5
<i>M.minutulus</i>	8,3	6,6	4,0

2021 жылы құрғақшылық жағдайда *B. femoratum* түр басым болса, 2022 жылы орташа ылғал жағдайында сонымен қатар 2023 жылдары *B.lampros* түрі басым болды. Соңғы аталған түр бұл аймақтың барлық ауа- райына қарамастан тіршілік етуге бейімделген екендігін көрсетеді. Себебі, гидротермиялық жағдайларға қарамастан саны бойынша бірінші немесе екінші орында болды.

Түйнекті бізтұмсықтар мен олардың энтомофагтарын зерттеу кезінде олардың дамуы, көбеюіне байланысты аңғарғанымыз, аталған энтомофагтар, жер қоңыздар бұршақ дақылының егістігіндегі түйнек бізтұмсықтарының жұмыртқа салу кезеңінде ең көп саны анықталды, кездесті. Энтомофагтар осы уақытта олардың жұмыртқаларымен белсенді түрде қоректеніп, жағадан салынған фитофагтардың жұмыртқаларын жойып отырды. Біздің зерттеулеріміз бойынша, түйнекті бізтұмсық пен олардың жұмыртқаларымен қоректенетін ұсақ қоңыздардың, энтомофагтардың болуы, көшеттерден бастап бұршақтануға дейін, бұршақ дақылының алаңының шаршы метріне есептегенде жақсы есептелетіні анықтады. Осы әдіспен жүргізілген есептер көрсеткендей, энтомофаг-зиянкестердің арақатынасы жыл сайын бұршақ өсімдіктерінің дамуының бастапқы кезеңінде шамалы өзгеріп отырды, 2021 жылы – 1:1,5, 2022 жылы – 1:3,3, 2023 жылы – 1:1,7.

Түйнекті бізтұмсықтың бұршақ дақылына көрсетілген зияндылығы айтарлықтай байқалмады. Бұл инсектицидтермен химиялық күресу шараларын тоқтатуға негіз болады. Бұршақ дақылдарындағы бұршақ бітесі және оның энтомофагтары популяциясының биоэкологиясы мен динамикасы. 2021-2023 және 2024 жылдары біз бұршақ бітесінің кездесу жиілігін, құрылымын, бұршақ бітесі мен биологиясы мен экологиясының ерекшеліктерін зерттедік. Оның саны жылдар бойынша айтарлықтай өзгерді (2-кесте). Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей бұршақ бітесінің дамуы бұршақ дақылының өсу кезеңдеріне тығыз байланысты екенін 2-кестеден көруге болады.

2-кесте – Асбұршақ дақылдарындағы бұршақ бітесінің кездесу жиілігі

Асбұршақ дақылының өсу кезеңдері	Кездесу жиілігі, 10 реттен қаққышпен ауланған, жылдар бойынша		
	2021	2022	2023
Бұршақ атуы	0	0	0
Сабағының өсуі	0	1	1
Тармақталуы	1	1	9
Гүл шанағын түзу	2	3	368
Гүлдеу	33	257	2953
Бұршақ түйін салу	155	4175	183
Жасыл бұршақ түзуі	210	730	274
Пісіп жетілу кезеңі	23	39	927
Толық пісуі	7	1	600

Зерттеу жылдары бұршақ дақылдары әр уақытта әртүрлі күнтізбелік күндерде болғанымен бұршақ бітесінің қоныстануы дақылдың гүлдеу және бұршақ түйінін салу кезеңінде көбірек байқалды. Сонымен қатар, бұршақ бітесінің сол зерттелген жылдардағы жылы ауа-райы болған жылдары салқын жылдармен салыстырғанда көбірек пайда болғанын байқауға болады. 2023 жылдың вегетациялық кезеңі өткен жылдарға қарағанда жоғары ауа температурасымен ерекшеленді, ал бұршақ бітесі дақылдарда пайда болуы маусымның бірінші онкүндігінде, ал 2022 және 2021 жылдары екінші онкүндікте тіркелді. Бұршақ бітесінің дамуы 2023 жылы басқа жылдармен салыстырғанда тезірек жүрді, бұл өз кезегінде өсімдіктің ерте даму сатысындағ яғни, өсімдіктедің гүлдеу кезеңінде зиянкестердің күрт өсуіне әкеп соқты. Осы уақыттарда бұршақ бітесі бұршақ дақылына орасан зор зиян келтірді. Жас сабақтарда, жапырақтарда, гүлдерде жаппай колониялар пайда болды, зиянкестердің жаппай дамуы байқалды.

2022 жылы бұршақ дақылында бұршақ бітесі ең көп таралуы болды және экономикалық зияндылық шегінен асып түсті (ЭЗШ). Алайда, бұршақ бітесінің жаппай қоныстануы бұршақ егісінің тек бұршақ түзілу кезеңіне келуіне байланысты, фитофагтардың зияндылық көрсету мерзімі қысқарды. Осылайша, бұршақ бітесінің зияндылығы, бұршақ дақылының өну кезеңдеріне байланысты болды және олардың өсімдікке ерте қоныстануы көп шығын әкелетіні байқалды. Энтомофаг сирфидтердің (*Syrphidae*) биоэкологиясы. Біздің зерттеулер бойынша сирфид туысына жататын жыртқыштар тобы жергілікті жағдайда бұршақ бітелерінің негізгі энтомофагтары болды. Біздің зерттеулер көрсеткендей, бұршақ бітесінің ең көп энтомофагтарының үш тобы болды: сирфидтер (*Syrphidae*), кокцинеллидтер (*Coccinellidae*), хризоптар (*Chrysopa*). Сирфидтер(*Syrphidae*) санының жаппай көбеюі ауа-райының жағдайына және бұршақ бітесінің санына қарай өзгеріп отырды (3-кесте).

3-кесте – Сирфидтердің (*Syrphidae*) фенологиялық күнтізбесі

Жыл	Жәндіктердің ай және онкүндік бойынша дамуы											
	Мамыр			Маусым			Шілде			Тамыз		
	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3
2021			+	+	+	+	+	+				
						*	*	*				
							-	-	-	-	-	-
								0	0	0	0	0
									+	+	+	+
2022						+	+	+	+			
						*	*	*	*			
						-	-	-	-	-	-	
								0	0	0	0	
										+	+	+
2023				+	+	+						
					*	*	*	*				
						-	-	-	-			
							0	0	0			
									+	+		

Ескерту: + – ересек имаго, * – жұмыртқа, – дернәсіл, 0 – қуыршақ

Мысалы, 2021 жылы бұршақ дақылындағы бітелердің саны салыстырмалы түрде аз болуына байланысты, сирфидтердің де саны аз болды. Ал, кей жылдары ауа-райы жылы болуына және бұршақ бітелерінің жаппай басым болуынан сирфидтер бұршақ дақылындағы барлық кезеңдерде олардың зиянкестеріне қарсы жыртқыш энтомофаг-тары

да басым болды. Сирфидтердің фенологиялық күнтізбесіне сай егер бұршақ бітелердің саны шілденің екінші онкүндігінде, бұршақ өсімдіктерінде бұршақ бітесінің пайда болған кезеңде болса, онда осы уақытта сирфидтердің де дамуының барлық кезеңдерін ересек имаго, жұмыртқаларын, дернәсілдерін, колоннияларын байқауға болады. Кокцинеллидтердің (*Coccinellidae*) биоэкологиясы. Біздің зерттеулер кезеңінде бұршақ бітесінің энтомофагтары ретінде сирфидтерден кейінгі көп кездескені осы кокцинеллид туысы. Кокцинеллидтер мен хризоптар сирфидтерге қарағанда құрғақшылықта жақсы дамиды. Сол себепті де, зерттеу жүргізген 2022-2023 жылы сирфидтерден қарағанда аз кездесті. Ал, 2021 жылы сирфидтер (*Syrphidae*) секілді басым болды (4-кесте).

4-кесте – Кокцинеллидтердің (*Coccinellidae*) фенологиялық күнтізбесі

Жылдар	Жәндіктердің ай және онкүндік бойынша дамуы											
	Мамыр			Маусым			Шілде			Тамыз		
	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3
2021			+	+	+	+	+	+	+	+	+	
							*	*				
							-	-	-	-	-	
											0	0
2022				+	+	+	+	+				
						*	*	*				
							-	-	-			
									0	0		
2023				*						+	+	
				+	+	+						
					*	*	*					
						-	-	-				
						0	0	0				
							+	+	+			

Ескерту: +- ересек имаго, *-жұмыртқа, - -дернәсіл, 0- қуыршақ

Кестеден байқағанымыз, бұршақ дақылының зиянкестері жаппай дамыған уақытта сәйкесінше олардың энтомофагтарының саны арта түседі. Хризоптардың (*Chrysopa*) биоэкологиясы. Біздің зерттеу жүргізген 2021-2023 жылдары, Ақмола облысы, Шортанды ауданында бұршақ дақылдарындағы бұршақ зиянкестерінің жыртқыштары хризоптар салыстырмалы түрде аз кездесті. Хризоптар да кокцинеллидтер сияқты сирфидтерге қарағанда ылғалды ортаны жақсы көретіндігіне сәйкес олардың саны да аз болды. 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда екі еседен, ал 2023 жылмен салыстырғанда бес есе аз болды. 5-кестеде көрсетілгендей, шілденің бірінші және екінші онкүндігінде, яғни, бұршақ дақылының гүлдену кезеңдерінде олардың саны максимальды түрде артты (5-кесте).

5-кесте – Хризоптардың (*Chrysopa*) фенологиялық күнтізбесі

Жылдар	Жәндіктердің ай және онкүндік бойынша дамуы											
	Мамыр			Маусым			Шілде			Тамыз		
	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2021			+	+	+	+	+	+				
								*				
								-	-	-	-	-
												+

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022				+	+	+	+					
						*	*	*				
								-	-	-		
											+	
2023					+	+						
						*	*					
							-	-				
									+			

Ескерту: +- ересек имаго, *- жұмыртқа, --дернәсіл

Хризоптардың (*Chrysopa*) дернәсілдерінің көбеюі және жыртқыштығы зерттеу жүргізген жылдардың ішінде 2023 жылы ерте байқалды. Себебі, олардың көбеюі мен дамуына құрғақшылықтың да әсері зор. Осы жылдары кокцинеллидтердің де көбеюі жылдар бойынша сәйкес келеді.

Асбұршақ дақылының зиянкестерімен кешенді күресу шарасы ретінде, энтомофагтармен табиғи жағдайда күресу тиімділігі жоғары болып есептеледі. Біздің зерттеулердің нәтижесі бойынша, бұршақ бітесімен биологиялық күресу шарасы ретінде, энтомофагтардың 6-кесте көрсетілген үш түрлері болып табылады.

6-кесте – Энтомофагтардың негізгі топтарының арақатынасы, %

Жылдар	Сирфидтер (<i>Syrphidae</i>)	Кокцинеллидтер (<i>Coccinellidae</i>)	Хризоптар (<i>Chrysopa</i>)
2021	62	27	11
2022	95	3	2
2023	64	22	14

Кестеден көріп отырғанымыздай, зиянкестер мен оның энтомофагтарының арақатынасын қарастырған кезде олардың барлық түрлерді ғана емес, сонымен қатар, зиянкестермен қоректенетін барлық кезеңдері де ескерілуі қажет.

Талқылау. Зиянкес түйнекті бізтұмсықтардың санын басуда жыртқыш майда қоңыздардың ішінен энтомофагтардың басым, өте маңызды, тиімді топтары анықталды. Олар: *Vembidion femoratum*, *V. quadrimaculatum*, *V. lampros*, *Microlestes minutulus*. Ал, бұршақ бітесінің энтомофагтары қатарына бұршақ дақылының әртүрлі өсу кезеңдерінде кездесетін, экологиялық жағдайларға бейімделген, көп кездесетін (*Syrphidae* тұқымдасының түрлері: *Syrphusribesii*L., *S. Corollae*R., *S. Balteatus* Deg., *Sphaerophohasp.*; *Coccinellidae*: *Coccinellaseptempunctata* L., *C. quinguepunctata* L., *Propylaea quatuordecimpunctata* L., *Hippodamia tredecimpunctata* L., *Adoniavariegata* Goeze., *C. trifasciata*L., *Chrysopidae*: *Chrysopacarne*Steph., *Ch. semptempunctata*). Сонымен қатар, фитофагтар мен энтомофагтардың маусымдық динамикасы мен биоэкологиясы зерттелді. Аймақтағы бұршақ дақылының бұршақ бітесі зиянкестерінің кокцинеллид (*Coccinellidae*) туысының үш түрі табылды, ал, түйнекті бізтұмсық зиянкестерінің 4 түрлі жыртқыш майда қоңыздары анықталды. Ақмола облысы, Шортанды ауданы жағдайында бұршақ дақылының зиянкестерінің энтомофагтарының тиімділігіне биоэкологиялық негіздеме берілді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай отырып, зерттеу жүргізген жылдар 2021-2023 жж. аралығында Ақмола облысы, Шортанды ауданында асбұршақ дақылдарындағы зиянкестер: бұршақ бітесі мен түйнекті бізтұмсықтарға химиялық күресу шаралары, яғни, инсектицидтер қолдану ұтымсыз деп есептелді. Себебі, бұршақ бітесі мен түйнекті бізтұмсықтарға қарсы реттеуші ретінде энтомофагтардың рөлі зор болды. Фитофагтардың саны мен дамуы ауа-райына, энтомофагтардың белсенділігі мен санына

және басқа да факторларға тікелей байланысты болды.

Әдебиеттер:

[1] **Мармулева, Е.Ю.** Клубеньковые долгоносики и их энтомофаги, обитающие на посевах гороха лесостепи Приобья [Текст] /Мармулева, Е.Ю. // Проблемы стабилизации и развития сельского хозяйства Казахстана, Сибири и Монголии. Материалы третьей международной науч.-практ. Конференции. – Новосибирск, 2000. – С. 33-34.

[2] **Baibussenov, K.,** Bekbayeva A., Azhbenov V. Simulation of Favorable Habitats for Non-Gregarious Locust Pests in North Kazakhstan Based on Satellite Data for Preventive Measures [Text]/Baibussenov, K., [and others] //Journal of Ecological Engineering, 2022. – 23(7). – P. 299-311

[3] **Мармулева, Е.Ю.** Энтомофаги на горохе [Текст] Мармулева Е.Ю.// Повышение устойчивости и эффективности агропромышленного производства в Сибири: наука, техника, практика. Материалы науч.-практ. конференции, 21-24 октября 2003г. – Кемерово, 2003. – С. 100-101.

[4] **Mombaeva, B.K.,** Taranov B.T., Harizanova V.B., Kadyrbekov R.H., Tleppaeva A.M. Coleopteran insect pests of saxaul (*Haloxylon* spp.) in the desert area of South Eastern Kazakhstan [Text]/Mombaeva, B.K., [and others] // Ecology, Environment and Conservation, 2017. – 23(2). – P. 1027-1031

[5] **Nazymbetova, G.Sh.,** Hausmann A., Yelikbayev B.K., Taranov B.T. New data about Larentiinae (Geometridae, Lepidoptera) of the Kolsai Koldery State National Natural Park and its adjacent areas [Text] / Nazymbetova, G.Sh., [and others] // Acta Zoologica Bulgarica, 2016. – 68(2). – P. 191-198

[6] **Nazymbetova, G.S.,** Yelikbayev B.K., Taranov B.T. Ecological-faunistic review of the geometrid moths (Lepidoptera, Geometridae) of Northern Tien-Shan Mountains [Text] /Nazymbetova, G.Sh., [and others] // Biosciences Biotechnology Research Asia, 2015. – 12(1). – Pp. 599-604

[7] **Baibussenov, K.S.,** Bekbaeva A., Azhbenov V., Sarbaev S., Yatsyuk S. Investigation of Factors Influencing the Reproduction of Non-Gregarious Locust Pests in Northern Kazakhstan to Substantiate the Forecast of their Number and Planning of Protective Measures [Text] / Baibussenov, K.S., [and others] // OnLine Journal of Biological Sciences, 2021. – Vol. 21 (1). – P. 144-153.

[8] **Baibussenov, K.S.,** Bekbaeva A., Azhbenov V. Simulation of Favorable Habitats for Non-Gregarious Locust Pests in North Kazakhstan Based on Satellite Data for Preventive Measures [Text] Baibussenov, K.S., [and others] // Journal of Ecological Engineering, 2022. – Vol. – 23 (7). – P. 299-311.

[9] **Baibussenov, K.S.,** Sarbaev A.T., Azhbenov V.K., Harizanova V.B. Environmental features of population dynamics of hazard nongregarious locusts in northern Kazakhstan [Text] Baibussenov, K.S., [and others] // Life Science Journal, 2014. – 11(10 SPEC. ISSUE). – P. 277-281

[10] **Beccaloni, G. W.,** Scoble M. J., Robinson G. S., Pitkin B. The Global Lepidoptera Names Index (Lepindex) [Text] Beccaloni G. W., [and others] // Edit. World Wide Web electronic publication, 2003. – P. 21-50.

[11] The Global Lepidoptera Names Index, 2016.

[12] **Мармулаева, Е.Ю.** Биоэкологические особенности кокциnellид (Coccinellidae), заселяющих посевы гороха в лесостепи Приобья [Текст] /Мармулаева Е.Ю. // Молодые ученые в решении проблем Сибирской аграрной науки. Материалы конференции научной молодежи. – Новосибирск, 1997. – С. 36-37.

[13] **Мармулева, Е.Ю.** Клубеньковые долгоносики и их энтомофаги, обитающие на посевах гороха в лесостепи Приобья [Текст] /Мармулаева Е.Ю. // Проблемы стабилизации и развития сельского хозяйства Казахстана, Сибири и Монголии. Материалы третьей международной науч.-практ. Конференции. – Алматы, 18-19 июля 2000. – С. 33-34.

[14] **Tumenbaeva, N.** Species composition of Lepidoptera (Insecta: Lepidoptera) inhabited on the Saxaul (*Chenopodiaceae: Haloxylon* spp.) in the desert area of south-east Kazakhstan [Text] Tumenbaeva N. // ICE 2015: 17 th International Conference on Entomology. – Malaysia, Penang. – 2015-part 1. 17(12). – p. 106.

[15] **Tumenbayeva, N.** Taranov B.T, Grekov D., Harizanova V. Lepidopteran species (Insecta: Lepidoptera) feeding on saxauls (*Chenopodiaceae: Haloxylon*) in desert areas of South-Eastern Kazakhstan [Text] /Tumenbayeva N. [and others] // Jubilee Scientific Conference TRADITIONS AND CHALLENGES FACING AGRICULTURAL EDUCATION, SCIENCE AND BUSINESS. Agricultural

University-Plovdiv. – Bulgaria. Plovdiv. – 2015. – p. 10.

[16] **Kluge, N. Yu.** Modern taxonomy of insects // In the book: Principles of taxonomy of living organisms and the general system of insects with the classification of primary wingless and ancient winged ones. – St. Petersburg, Lan, 2000. – Part 1. – P. 333

[17] **Nazymbetova, G.S.,** Yelikbayev B.K., Taranov B.T. New data about Larentiinae (Geometridae, Lepidoptera) of the KolsaiKoldery State National Natural Park and its adjacent areas *Biosciences Biotechnology Research Asia*, 2015, 12(1), pp 599-60, <http://dx.doi.org/10.13005/bbra/1702>

[18] **Tumenbayeva N.T.,** Taranov B.T., Harizanova V. Biology and harmfulness of Lepidoptera (Insecta: Lepidoptera) damaging generative organs of the saxaule (Chenopodiaceae:Haloxylon) in the desert zone of southeastern Kazakhstan, *Biosciences Biotechnology Research Asia*, India, Bhopal, 2016.<http://dx.doi.org/10.13005/bbra/2122>

[19] **Gulzhan, Sh.,** Nazymbetova, Hausmann A., Bakhytzhann K., Yelikbayev, Bagdavlet T. Taranov. Ecological-faunistic review of the geometrid moths (Lepidoptera, Geometridae) of Northern Tien-Shan Mountains. *ACTA ZOOLOGICA BULGARICA Acta zool. bulg.*, 68 (2), 2016: 191-198. <http://dx.doi.org/10.13140/RG.2.1.2578.3282>

[20] **Фасулати К.К.** Полевое изучение насекомых беспозвоночных [Текст]/Фасулати К.К.// М.: Высшая школа, 1971. – 424 с.

References:

[1] **Marmuleva, E.Ju.** Kluben'kovye dolgonosiki i ih jentomofagi, obitajushhie na posevah goroha lesostepi Priob'ja [Tekst] /Marmuleva, E.Ju. // Problemy stabilizacii i razvitiya sel'skogo hozjajstva Kazahstana, Sibiri i Mongolii. Materialy tret'ej mezhdunarodnoj nauch.-prakt. Konferencii. – Novosibirsk, 2000. – S. 33-34. [in Russian]

[2] **Baibussenov, K.,** Bekbayeva A., Azhbenov V. Simulation of Favorable Habitats for Non-Gregarious Locust Pests in North Kazakhstan Based on Satellite Data for Preventive Measures[Text]/Baibussenov, K.,[and others] //Journal of Ecological Engineering, 2022. – 23(7). – P. 299-311

[3] **Marmuleva, E.Ju.** Jentomofagi na gorohе [Tekst] Marmuleva E.Ju.// Povyshenie ustojchivosti i jeffektivnosti agropromyshlennogo proizvodstva v Sibiri: nauka,tehnika, praktika. Materialy nauch.-prakt.konferencii, Kemerovo, 21-24oktjabrja 2003g. – Kemerovo, 2003. – S. 100-101. [in Russian].

[4] **Mombaeva, B.K.,** Taranov B.T., Harizanova V.B., Kadyrbekov R.H., Tleppaeva A.M. Coleopteraninsectpestsofsaxaul (Haloxylonspp.) in the desert area of South Eastern Kazakhstan [Text]/Mombaeva, B.K.,[and others] // Ecology, Environment and Conservation, 2017. – 23(2). – P. 1027-1031

[5] **Nazymbetova, G.Sh.,** Hausmann A., Yelikbayev B.K., Taranov B.T. New data about Larentiinae (Geometridae, Lepidoptera) of the KolsaiKoldery State National Natural Park and its adjacent areas[Text]/Nazymbetova, G.Sh.,[and others] // Acta ZoologicaBulgarica, 2016. – 68(2). – P. 191-198

[6] **Nazymbetova, G.S.,** Yelikbayev B.K., Taranov B.T. Ecological-faunistic review of the geometrid moths (Lepidoptera, Geometridae) of Northern Tien-Shan Mountains[Text]/Nazymbetova, G.Sh., [and others] // Biosciences Biotechnology Research Asia, 2015. – 12(1). – P. 599-604

[7] **Baibussenov, K.S.,** Bekbaeva A., Azhbenov V., Sarbaev S., Yatsyuk S. Investigation of Factors Influencing the Reproduction of Non-Gregarious Locust Pests in Northern Kazakhstan to Substantiate the Forecast of their Number and Planning of Protective Measures[Text]/Baibussenov,K.S., [and others]//OnLine Journal of Biological Sciences, 2021. – Vol. 21 (1). – P. 144-153.

[8] **Baibussenov, K.S.,** Bekbaeva A., Azhbenov V. Simulation of Favorable Habitats for Non-Gregarious Locust Pests in North Kazakhstan Based on Satellite Data for Preventive Measures [Text] Baibussenov K.S., [and others]// Journal of Ecological Engineering, 2022. – Vol. – 23 (7). – P. 299-311.

[9] **Baybussenov, K.S.,** Sarbaev A.T., Azhbenov V.K., Harizanova V.B. Environmental features of population dynamics of hazard nongregarious locusts in northern Kazakhstan [Text] Baibussenov, K.S., [and others] //Life Science Journal, 2014. – 11(10 SPEC. ISSUE). – P. 277-281

[10] **Beccaloni, G.W.,** Scoble M. J., Robinson G. S., Pitkin B. The Global Lepidoptera Names Index (Lepindex) [Text] Beccaloni G.W., [and others] // Edit. World Wide Web electronic publication, 2003. – P. 21-50.

- [11] The Global Lepidoptera Names Index, 2016.
- [12] **Marmulaeva, E.Ju.** Biojekologicheskie osobennosti kokcinellid (Coccinellidae), zaseljajushhiih posevy goroha v lesostepi Priob'ja [Tekst]/Marmulaeva E.Ju. // Molodye uchenye v reshenii problem Sibirskoj agrarnoj nauki. Materialy konferencii nauchnoj molodezhi. – Novosibirsk, 1997. – S. 36-37. [in Russian].
- [13] **Marmuleva, E.Ju.** Kluben'kovye dolgonosiki i ih jentomofagi, obitajushhie na posevah goroha z lesostepi Priob'ja [Tekst]/Marmuleva E.Ju. // Problemy stabilizacii i razvitija sel'skogo hozjajstva Kazahstana, Sibiri i Mongolii. Materialy tret'ej mezhdunarodnoj nauch.-prakt. Konferencii. – Almaty, 18-19 ijulja 2000. – S. 33-34. [in Russian].
- [14] **Tumenbaeva, N.** Species composition of Lepidoptera (Insecta: Lepidoptera) inhabited on the Saxaul (Chenopodiaceae: Haloxylon spp.) in the desert area of south-east Kazakhstan [Text] Tumenbaeva N. // ICE 2015: 17 th International Conference on Entomology. – Malaysia, Penang. – 2015-part 1. 17(12). – p. 106.
- [15] **Tumenbayeva, N.** Taranov B.T, Grekov D., Harizanova V. Lepidopteran species (Insecta: Lepidoptera) feeding on saxauls (Chenopodiaceae: Haloxylon) in desert areas of South-Eastern Kazakhstan [Text]/Tumenbayeva N. [and others] // Jubilee Scientific Conference TRADITIONS AND CHALLENGES FACING AGRICULTURAL EDUCATION, SCIENCE AND BUSINESS. Agricultural University-Plovdiv. – Bulgaria. Plovdiv. – 2015. – p. 10.
- [16] **Kluge, N. Yu.** Modern taxonomy of insects // In the book: Principles of taxonomy of living organisms and the general system of insects with the classification of primary wingless and ancient winged ones. – St. Petersburg, Lan, 2000. – Part 1. – P. 333
- [17] **Nazymbetova, G.S.,** Yelikbayev, B.K., Taranov, B.T. New data about Larentiinae (Geometridae, Lepidoptera) of the Kolsai Koldery State National Natural Park and its adjacent areas Biosciences Biotechnology Research Asia, 2015, 12(1), pp 599–60, <http://dx.doi.org/10.13005/bbra/1702>
- [18] **Tumenbayeva N.T.,** Taranov B.T, Harizanova V., Biology and harmfulness of Lepidoptera (Insecta: Lepidoptera) damaging generative organs of the saxaul (Chenopodiaceae: Haloxylon) in the desert zone of southeastern Kazakhstan, Biosciences Biotechnology Research Asia, India, Bhopal, 2016. <http://dx.doi.org/10.13005/bbra/2122>
- [19] **Gulzhan, Sh.** Nazymbetova, Hausmann A., Bakhytzhana K. Yelikbayev, Bagdavlet T. Taranov. Ecological-faunistic review of the geometrid moths (Lepidoptera, Geometridae) of Northern Tien-Shan Mountains. ACTA ZOOLOGICA BULGARICA Acta zool. bulg., 68 (2), 2016: 191-198. <http://dx.doi.org/10.13140/RG.2.1.2578.3282>
- [20] **Fasulati K.K.** Polevoe izuchenie nasekomyh bespozvonochnyh [Tekst]/Fasulati K.K. // M.: Vysshajashkola, 1971. – 424 s. [in Russian].

БИОЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЭНТОМОФАГОВ ВРЕДИТЕЛЕЙ ГОРОХА (*PISUM SATIVUM L.*) В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Момбаева Б.К.¹, PhD
Туменбаева Н. Т.², PhD
Калиева Л.Т.³, PhD
Уалиева А.Б.⁴, Магистр
Досмаганбетова А.О.⁴, Магистр

¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

²Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан

³Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, Казахстан

⁴ Университет имени Шакарима, г. Семей, Казахстан

Аннотация. Для условий Акмолинской области выделены комплексы массовых видов энтомофагов клубеньковых долгоносиков и гороховой тли, изучены колебания их численности и биологические особенности в связи со степенью влияния экологических условий, обоснованы критерии эффективности энтомофагов. Определены доминирующие, наиболее эффективные

группы энтомофагов из числа мелких жуужелиц, имеющие решающее значение в подавлении численности клубеньковых долгоносиков (*Bembidionfemoratum*, *B. quadrimaculatum*, *B. lampros*, *Microlestesminutulus*). К числу перспективных энтомофагов гороховой тли отнесены виды экологически пластичные, многочисленные и эффективные в системе триотрофа в течение всего сезона в различных ярусах гороха в зоне исследований (виды семейств *Syrphidae*: *Syrphusribesii*L., *S. Corollae*R., *S. balteatus*Deg., *Sphaerophohasp.*; *Coccinellidae*: *Coccinella septempunctata* L., *C. quinguepunctata* L., *Propylae aquatuordecinpunctata* L., *Hippodamia tredecimpunctata* L., *Adoniavariegata* Goeze., *C. Trifasciata* L., *Chrysopidae*: *Chrysopacarnea* Steph., *Ch. semptempunctata*). Изучена сезонная динамика и биоэкология фитофагов и энтомофагов. Выявлены три вида кокциnellид – энтомофагов гороховой тли и четыре вида мелких жуужелиц –энтомофагов клубеньковых долгоносиков для гороха в регионе. Определены и обоснованы критерии эффективности природного комплекса энтомофагов вредителей гороха Акмолинской области.

Ключевые слова: Горох; вредители; энтомофаги; фитофаги; гороховая тля; клубеньковый долгоносик; биологические меры борьбы.

BIOECOLOGICAL SUBSTANTIATION OF THE EFFECTIVENESS OF ENTOMOPHAGES OF PEA PESTS (*PISUM SATIVUM* L.) IN THE AKMOLA REGION

Mombaeva B.K.¹, PhD

Tumenbayeva N. T.², PhD

Kaliyeva L.T.³, PhD

Ualiyeva A.B.⁴, Master

Dosmaganbetova A.O., Master

¹ *Taraz Regional University named after M.H.Dulati, Taraz city, Kazakhstan*

² *Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin, Astana city, Kazakhstan*

³ *West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk city, Kazakhstan*

⁴ *Shakarim Semey University, Semey city, Kazakhstan*

Abstract. For the conditions of the Akmola region, complexes of mass species of entomophages of nodule weevils and pea aphids have been identified, fluctuations in their numbers and biological features have been studied in connection with the degree of influence of environmental conditions, criteria for the effectiveness of entomophages have been substantiated. The dominant, most effective groups of entomophages from among small ground beetles have been identified, which are crucial in suppressing the number of nodule weevils (*Bembidion femoratum*, *B. quadrimaculatum*, *B. lampros*, *Microlestes minutulus*). The promising entomophages of pea aphids include species that are ecologically plastic, numerous and effective in the triotrophe system throughout the season in various tiers of peas in the research area (species of the *Syrphidae* families: *Syrphusribesii*L., *S. Corollae*R., *S. balteatus*Deg., *Sphaerophohasp.*; *Coccinellidae*: *Coccinellaseptempunctata* L., *C. quinguepunctata* L., *Propylaea quatuordecinpunctata*L., *Hippodamia tredecimpunctata*L., *Adoniavariegata*Goeze.,*C. trifasciata*L., *Chrysopidae*: *Chrysopacarnea*Steph., *Ch. semptempunctata*). The seasonal dynamics and bioecology of phytophages and entomophages have been studied. Three species of coccinellid entomophages of pea aphids and four species of small ground beetles - entomophages of nodule weevils for peas in the region have been identified. The criteria for the effectiveness of the natural complex of entomophages of pea pests of the Akmola region have been determined and substantiated.

Keywords: Peas; pests; entomophages; phytophages; *Acyrthosiphon pisum*; Sitona; biological control measure.

ТОПЫРАҚТАҒЫ МИКРОАҒЗАЛАР ТОПТАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫНА ПЕСТИЦИДТЕР ӘСЕРІ

Жакипова А.А.¹, 1 курс магистранты,
aidazh09@mail.ru <https://orcid.org/0009-0008-9914-478X>

Қияс А.А.²,
kiyas.aldabergenov@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-1458-8656>
Науанова А.П.^{1,3}, биология ғылымдарының докторы, профессор,
nauanova@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-0253-8328>

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті Астана қ., Қазақстан

²А.И. Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығы, Ақмола облысы,
Научный кенті, Қазақстан

³«Био-КАТУ» ЖШС, Астана қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада көп жылдар бойы өсімдіктерді қорғауға арналған химиялық препараттары қолдану нәтижесінде ластанған Солтүстік Қазақстан топырақтарын зерттеу деректері келтірілген. Гербицидтер мен инсектицидтерді бір рет және ұзақ уақыт қолданылғаннан кейін және пестицидтермен өңделмеген топырақтардағы микроағзалардың сандық құрамы әртүрлі қоректік орталарда зерттелді. Зерттеу нәтижесінде пестицидтер қолданылмаған нұсқаларда спора түзетін микроағзалар мен актиномицеттердің ең көп саны анықталып, олардың алуан түрлілігі атап өтілді. Пестицидтер қолданылған нұсқаларда, әсіресе ұзақ уақыт қолданылған кезде саңырауқұлақ споралары кең таралған, бұл көрсеткіш бақылау нұсқасына қарағанда 11 есе жоғары болды. Аталмыш нәтиже пестицидтердің топырақ микромицеттерінің азаюына септігін тигізбейтініне дәлел бола алады. Егістік топырақтарында Торнадо, Фюзилад Форте гербицидтерді және Энжио 247 инсектицидін қолданған кезде, Гаузе, Гетчинсон, Чапек-Докс қоректік орталарында өсетін актиномицеттер санының өсуі байқалды. ЕПА қоректік ортасында гербицидтер мен инсектицидтер қолданылған топырақтарда спора түзетін бактериялардың саны азайды, ал микроскопиялық саңырауқұлақтардың саны Торнадо гербицидтерін қолданылған нұсқаларда көп болғаны анықталды.

Зерттеу нәтижесінде топырақты пестицидтер қалдықтарынан тазарту мақсатында қолданылатын тиімді жаңа консорциумдар құру үшін микроағзалардың жаңа штаммдары бөлініп алынды.

Тірек сөздер: биопрепараттар, биоремедиация, пестицидтер, топырақ микроағзалары, микробиологиялық белсенділік.

Кіріспе. Жыл сайын антропогенді жүктеме нәтижесінде қоршаған ортаға көптеген органикалық және бейорганикалық қалдықтар шығарылады. Бұл қосылыстардың көпшілігі уытты және өздігінен ыдырамайтын, тұрақты болып келеді. Топырақтың және жер асты сулары улы қосылыстардың рұқсат етілген деңгейден асатын мөлшерде жиналуының нәтижесінде ластанады. Биоремедиация табиғи биологиялық белсенділікті қолдана отырып әртүрлі ластаушы заттарды жоюға немесе залалсыздандыруға мүмкіндік береді [1,2]. Биоремедиация – микроағзалардың, балдырлардың, жоғары сатыдағы өсімдіктердің биохимиялық әлеуетін пайдалануға негізделген топырақ пен суды ластаушы заттардан тазарту әдістерінің кешені. Биоремедиацияның басқа технологиялардан артықшылығы қоршаған ортаға қауіпсіз және табиғаттың өзін-өзі тазарту үдерістеріне негізделуіне байланысты [3,4,5,6].

Биоремедиация нәтижесінде бактериялардың, саңырауқұлақтардың және өсімдіктердің көмегімен қоршаған ортадан әртүрлі химиялық заттар мен физикалық қалдықтар жойылады. Микроағзалар өздерінің ферментативті белсенділігінің арқасында биокатализатор қызметін атқарады және қажетті ластаушы затты ыдырататын биохимиялық реакциялардың жүруін жеңілдетеді [7,8,9]. Қазіргі уақытта биоремедиацияда экожүйедегі органикалық заттардың ыдырауында және ластанған топырақ пен суды қалпына келтіруде маңызды рөл атқаратын микробтық топтар бар, мысалға, *Pseudomonas*, *Acinetobacter*, *Sphingomonas*, *Nocardia*, *Flavobacterium* туысына жататын аэробты бактериялар күрделі қосылыстарды ыдырату қабілетіне ие. Микробтық ферменттердің көмегімен тұрақты ластаушы заттардан тазарту әдістері экологиялық таза болып табылады [10,11,12]. Сонымен қатар, биоремедиация экономикалық жағынан тұрақты, төмен шығындарымен ерекшеленетін үнемді технологияның бірі болып саналады [13,14,15,16]. Биоремедиация органикалық ластаушы заттарды детоксикациялау немесе жою үшін микробтардың әртүрлі зат алмасу мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады [17].

Эндифитті микроағзалар фиторемедиация немесе биоремедиация үдерістерін жеделдете алады. Молекулалық-генетикалық талдау көрсеткендей, басым микроағзалар эндифиттік топтар *Burkholderia*, *Pseudomonas*, *Flavobacterium*, *Serratia* және *Collimonas* туысына жатады. Микроағзалардың аталмыш түрлері ауыл шаруашылық дақылдарының өсуін ынталандыратын және аурулардан қорғайтын микробиологиялық препараттарды әзірлеу үшін жиі пайдаланылады. Эндифитті микроағзалар әртүрлі ауруларға арналған биоактивті метаболиттерді синтездей алады, индукцияланған жүйелік төзімділік (ISR) және жүйелі түрде пайда болған төзімділік (SAR) факторларының биологиялық бақылауын қамтамасыз етеді, бұл өсімдіктің ауру қоздырғыштарының таралуын азайтады [18]. *Trichodermin*, *Rhodotorula*, *Rhodococcus* сияқты микромицеттер пестицидтермен ластанған топырақтарда зиянды заттарды ыдырату қабілетімен белгілі [19]. Микроағзаларды қолдану арқылы биоремедиациялау қоршаған ортаға зиянсыздығы мен экономикалық үнемділігіне байланысты болашақта үлкен әлеует көрсетеді [20].

Солтүстік Қазақстан облысының топырақтарында жылдан-жылға пестицидтердің жиналуы артып келеді, бұл экологиялық жағдайдың тынымсыз нашарлауына әкелді. Сондықтан, бұл мақалада әртүрлі биоремедиация әдістері және оларға қоршаған ортаның факторлары қалай әсер ететіні талқыланды. Ластанған топырақтарды қалпына келтірудегі микроағзалардың әсер ету механизмі түсіндірілді. Эндифитті микроағзалар, *Trichodermin*, *Rhodotorula*, *Rhodococcus* сияқты микромицеттер, спора түзу қабілетіне ие және жоғары бейімделгіш мүмкіндіктер аэробты спора түзетін бактериялар топырақ биоремедиациясында биологиялық маңызды рөл атқарады [21].

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - пестицидтермен ластанған топырақта таралған микроағзаларды зерттеу және биоремедиациялау үшін қолданылатын тиімді жаңа консорциумдар құру үшін микроағзалардың жаңа штаммдарды бөліп алу.

Зерттеу міндеттері:

1. «А.И.Бараев атындағы ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің егістік алқаптарында таралған пестицидтер қолданылатын топыраққа микробиологиялық зерттеу жүргізу.

2. Пестицидтермен ластанған топырақта кең таралған микроағзалардың басым топтарын анықтау.

3. Топырақты пестицидтердің қалдықтарынан тазарту үшін қолданылатын жаңа тиімді консорциумдарды құру үшін микроағзалардың жаңа штаммдарын оқшаулау.

Нысан мен әдістер. 2023 жылы Гербицидтер мен инсектицидтерді зерттеу үшін «А. И. Бараев атындағы Ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің 7 алқабынан талдауға оңтүстік қара топырақ алынды.

1. 1961 ж. бастап пестицидтер қолданылмаған топырақ (бақылау);
2. 1988 ж. бастап Торнадо гербициді, Линтур + аксиал + Борен НЕО инсектицидтері қолданылған.
3. Қышадан кейінгі бидай егістігіндегі Торнадо гербициді қолданылған, 2023 ж.
4. Сұлы егістігіндегі Торнадо гербицидтері, Линтур + Борен НЕО инсектицидтері қолданылған, 2023 ж.
5. Бидай егістігіндегі Торнадо гербицидтері, Фюзилад Форте + Энжио 247 инсектицидтері қолданылған, 2023 ж.
6. Бидай егістігіндегі Торнадо гербициді 1971 жылдан бастап, Линтур + аксиал + Борен НЕО инсектицидтері қолданылған, 2023 ж.
7. Түйежоңышқа егістігінде гербицидтер қолданылмаған, 2023 ж.

Ауыл шаруашылығында зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күресу құралы ретінде қолданылатын пестицидтер қоршаған орта үшін улы болып саналады. Оларды кеңінен қолдану өсімдіктерге ғана емес, сонымен бірге топырақтың тірі ағзаларына да әрқилы әсер етуі мүмкін. Пестицидтердің едәуір бөлігі пайдалы ағзаларға, соның ішінде топырақтағы микроағзаларға теріс әсер ететінін әдебиет көздерінен кездестіруге болады. Соған қарамастан пестицидтермен ластанған топырақты биоремедиациялау үшін деструктор-микроағзалар негізінде биопрепараттар жасау ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің тиімділігін және пестицидтерді қолданбай экологиялық қауіпсіз және биологиялық таза өнім алудың дәлелдеуге мүмкіндік береді [22].

Микроағзалардың сандық талдауы топырақтың сулы сығындысын агарлы қоректік орталарға себу арқылы жүргізілді. Органотрофты бактериялар үшін ет пептонды қоректік агар (Assimix, Үндістан); минералды азотты ассимиляциялаушы бактериялар үшін – крахмалды-аммиакты агар; атмосфералық азотты бекітетін бактериялар үшін (диазотрофтар) - Эшби маннитолды агары, саңырауқұлақтар үшін Чапек-Докс агары (Himedia, Үндістан) қолданылды. Қоректік орталар автоклавта (ST-85G Jeiotech) 121°C температурада 20 минут бойы зарарсыздандырылды, содан кейін 45-50°C дейін салқындатылып, мұқият араластырылды және әрқайсысы 10 мл-ден Петри табақшаларына құйылды. 10-3 және 10-5 лайлы тұнбалар суспензияларын алу үшін сериялық сұйылтулар дайындалды, содан кейін әрбір сұйылтудан 0,1 мл Петри табақшаларындағы белгілі бір қоректік орталарға бес қайталаумен егілді. Гетеротрофты бактериялар 30°C-та 72 сағат, актиномицеттер 28°C-та 5 күн инкубацияланды.

Әрбір Петри табақшасында өсіп шыққан колониялар саны есептелді. Бір Петри табақшасында 30-дан 300-ге дейін колония өсіп шыққан сұйылту ең тиімді болып саналады. 1 мл суспензияда өсіп шыққан КТБ саны келесі формула бойынша (1) анықталды:

$$M=a*10n/V \quad (1)$$


мұндағы, M – 1 мл жасуша саны; a – берілген сұйылтудан себілген колония санының орташа мәні; V – себуге алынған суспензия көлемі, мл; 10 – сұйылту коэффициенті; n – сұйылтудың реттік саны.

Зерттеу нәтижелері. Барлық тәжірибелік алқаптарда Торнадоның жүйелік әсер ететін гербициді (қышқыл глифосаты, 360 г/л) қолданылды. Ол әлемнің барлық елдерінде кең таралған және тиімділігі мен төмен бағасына байланысты дақылдарды өсіруде өнеркәсіптік ауқымда қолданылады. Глифосат негізіндегі препараттар 30 жылдан астам уақыт бойы тиімділігі жоғары және уыттылығы аз гербицидтер ретінде қолданылып келеді. Алайда, соңғы жылдары осы қосылыстың табиғаттың барлық құрамдас бөліктеріне әсері және оның топырақтағы тұрақтылығы туралы мәліметтердің сәйкес келмеуімен байланысты глифосаттарды қолдану экологтар үшін алаңдаушылық

тудыруда. 2 және 6 тәжірибе нұсқаларында гербицидтің бұл түрі сәйкесінше 1988 және 1971 жылдардан бастап қолданылып келеді. Сондай-ақ, 2023 жылы 2, 4, 5, 6 тәжірибе нұсқаларында Линтур, Аксиал, Фюзилад Форте гербицидтерінің қоспалары қолданылды. 4, 5, 6 нұсқаларында гербицидтермен қатар Энжио 247, Борен НЕО инсектицидтері қолданылды.


Микробиологиялық зерттеулер гетеротрофты бактериялар (аммонификаторлар), актиномицеттер, микромицеттер, азотфиксациялаушы және целлюлозаны ыдырататын бактериялардың жиілігін зерттеуге және басым түрлерін анықтауға бағытталған. Топырақ микрофлорасының бұл топтарына қызығушылық олардың минералдану және қарашірінді түзілу үдерістеріне қатысуынан туындады [23-26].

Зерттеу нәтижелері бойынша, топырақта ең көп таралғаны ет-пептонды және крахмал-аммиакты қоректік орталарда өсетін спора түзетін бактериялар екенін көрсетті (суреттер 1, 2, 3). Спора түзетін бактериялардың ең көп саны 1961 жылдан бері гербицидтермен өңделмеген топырақтарда анықталды. Орташа есеппен, ЕПА ортасындағы олардың саны 132,7 млн/г құрады, бұл сан гербицидтер мен инсектицидтер қолданылған тәжірибелік нұсқаларда айтарлықтай төмен, 2023 жылы гербицидтер пайдаланылмаған нұсқада олардың саны жоғары екенін атап өткен жөн. 1988 жылдан бастап Торнадо, Фюзилад Форте гербицидтерді және Энжио 247 инсектицидін қолданатын егістік топырақтарында ЕПА ортасындағы спора түзетін бактериялардың ең аз саны 6,0 млн/г және 3,0 млн/г құрады, бұл пестицидтермен өңделмеген топыраққа қарағанда айтарлықтай аз. КАА қоректік ортада гербицидтер мен инсектицидтер қолданылмаған нұсқалардағы спора түзетін бактериялардың саны пестицидтер қолданылған нұсқаларға қарағанда жоғары болды, сәйкесінше 171,3 млн/г және 80,7 млн/г топырақты құрады. Бұл көрсеткіштің ең төменгі саны Торнадо, Фюзилад Форте гербицидтері және Энжио 247 инсектицидтері қолданылған нұсқада тіркелді.



1-сурет – Азоттың әр түрлі формалармен қоректенетін бактериялардың пестицидтер қолданылған топырақта таралуы


Гербицидтер қолданылмаған егіс топырақтарында ЕПА қоректік ортада ізбедерлі, күңгірт түсті, қатпарлы беті бар, ашық қоңыр колониялар және тегіс, жылтыр беті бар, жиектері қалақты, сүтті түсті дөңгелек микроағзалар колониялары жиі кездеседі. Бұл сипаттама *Bac. mesentericus* және *Bac. megatherium* бактерияларының спора түзетін формаларына сәйкес келеді, олар тіршілік үдерісінде азоттың органикалық түрін пайдаланады.



Абсциссалар білігі – нұсқалар, ординаталар білігі – микроағзалар саны, млн/г

2-сурет – Азот сіңіруші микроағзалардың пестицидтер әсерінен таралу сипаты

Бұл бактериялар аммонификация үдерістеріне, яғни топырақтағы органикалық қосылыстардың ыдырауына қатысады.



3-сурет – ЕПА және КАА қоректік орталарындағы спора түзетін микроағзалардың колониялары

Гаузе, Гетчинсон және Чапек-Докс орталарында өсетін актиномицеттер тобы өкілдерінің санын анықтау өте маңызды, себебі олар органикалық қалдықтардың ыдырау үдерістеріне, жасұнықтың, гумин қышқылдарының ыдырауына және топырақтың минералды, органикалық және басқа қосылыстарының айналуына қатысады. Актиномицеттердің ең көп жалпы саны Торнадо, Фюзилад Форте гербицидтерін және Энжио 247 инсектицидін қолдану нұсқасында анықталды, Гаузе ортасында 7,7 мың/г топырақты құрады, бұл пестицидсіз бақылаудан 2,7 мың/г топыраққа жоғары (1-кесте).

1-кесте – Пестицидтер қолданылған оңтүстік қара топырақтың микробиологиялық белсенділігі

Нұсқа	Гаузе			Гетчинсон			Чапек- Докс		
	бактериялар, мың./г	Актиномицеттер, мың./г	Саңырауқұлақтар, мың./г	бактериялар, мың./г	Актиномицеттер, мың./г	Саңырауқұлақтар, мың./г	бактериялар, мың./г	Актиномицеттер, мың./г	Саңырауқұлақтар, мың./г
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	27,0	5,0	0	0	3,0	0	12,3	0,3	0,3
2	3,7	2,0	0	0	0,3	1,0	27,3	0,3	1,0
3	25,3	5,3	0	0	1,3	0	0	1,3	3,3

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
4	25,7	3,7	1,0	0,3	1,0	0,3	15,3	0,7	1,0
5	8,0	7,7	1,7	0	0,7	0,3	1,7	2,0	1,3
6	18,3	0	0	0,3	1,0	0	4,7	0,3	0,7
7	15,3	6,3	0	0	0,3	0	1	0,3	0,3

1971 және 1988 жылдардан бастап гербицидтер ұзақ уақыт қолданылған тәжірибелік нұсқаларда актиномицеттердің ең аз жалпы саны анықталды. Әсіресе Торнадо гербицидін ұзақ уақыт қолданған кезде микроағзалардың осы топ өкілдерінің өсуінің тежелуін көрсетеді. Актиномицеттердің түрлік құрамы оның алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бақылауда гербицидтер мен инсектицидтерді қолдану нұсқаларына қарағанда әртүрлі колониялар көбірек байқалды. Бақылау нұсқаларындағы актиномицеттер колониялары ақ, қызғылт, сұр және қызыл түстермен боялған, ал тәжірибелі нұсқаларда олар ақ, қызғылт түсті және жіңішке жиектер пайда болғанын байқауға болады.

Бактериялар мен актиномицеттер санымен салыстырғанда микроскопиялық саңырауқұлақтардың саны айтарлықтай аз болды. Микромицеттер ең маңызды топырақ түзуші үдерістерге, ең алдымен органикалық заттардың деструкциясына және минералды элементтердің биогеохимиялық түрленуінің әртүрлі үдерістерге қатысады. Топырақта саңырауқұлақтар өсімдіктермен тығыз әрекеттесіп, микоризалар түзеді және ризосфераның түзілуіне қатысады. Саңырауқұлақтардың топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерін қалыптастырудағы маңызды рөлі белгілі: топырақ құрылымын қалыптастыру, ерекше қарашірінді қосылыстарды синтездеу, топырақтағы иондардың алмасуы, суды ұстау қабілетіне әсер ету және топырақтағы физиологиялық белсенді заттарды өндіру үдерістері және т.б. Органикалық заттардың ыдырауының алғашқы кезеңдерде саңырауқұлақтар басым рөл атқаратыны белгілі. 2023 жылы микроскопиялық саңырауқұлақтардың ең жоғары мөлшері Торнадо гербицидін қолданған нұсқада байқалды, олардың топырақтағы саны 3,3 мың/г құрады. Пестицидтер қолданылған нұсқаларда микроскопиялық саңырауқұлақтардың саны ең аз болды.

Дүниежүзілік ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша пестицидтердің әсерінен микромицеттер кешенінің құрылымы өзгеретінін және олардың улы түрлерінің – *Aspergillus*, *Mucor*, *Fusarium*, *Alternaria* туыстары өкілдері жиналатынын көрсетті. Микробиологиялық егістіктерде ластану деңгейі төмен болса да аз мөлшерде пайда болып, жыл сайын топырақта саңырауқұлақтардың бұл түрлері басым және топырақтың микроскопиялық саңырауқұлақтарының жалғыз өкілдеріне айналады. Микромицеттердің бұл түрлері топырақ жүйесінің абсолютті "қожайындары" аборигендік микробтар қауымдастығы әлсіреп жойылған кезде кеңінен тарайды. Зерттеу нәтижелері бойынша пестицидтер қолданылған топырақтардан ең көп таралған саңырауқұлақ колонияларының 4 жаңа штаммдары бөліп алынды. Олардың идентификациясы мен улы түрлерге жататындығы жайлы ақпарат кейінгі зерттеулерде жазылады.

Қоршаған ортаны пестицидтерден тазарту мәселесі шектеулі мүмкіндіктерге байланысты жыл сайын өзектілігі артуда. Топырақты қорғау мәселесін топырақтың өзін-өзі тазарту әлеуетін белсендіру және микроағзалардың белсенді штамм – деструкторларын биопрепараттар түрінде енгізу арқылы шешуге болады. Қазіргі уақытта экономикалық және экологиялық тұрғыдан топырақты тазартудың ең тиімді әдісі болып пестицидтердің биодеградация қабілетінің жоғарылауымен ерекшеленетін микроағзалардың әртүрлі топтарын қолдануға негізделген биоремедиациялық әдіс болып табылады.

Қорытынды. «А.И.Бараев атындағы АШҒӨО» ЖШС егіс алқаптарының топырақтарына микробиологиялық зерттеулер жүргізілді, мұнда кең тараған Торнадо, Линтур, Аксиал, Борен НЕО, Фюзилад Форте гербицидтері және Энжио 247 инсектицидтері қолданылады. Бақылау алаңы ретінде 1961 жылдан бері пестицидтер

қолданылмаған алқап таңдалды. Топырақ микроағзаларының зерттелген топтарының ішінде спора түзетін бактериялар ең көп таралған. Спора түзетін бактериялардың, актиномицеттер мен микроскопиялық саңырауқұлақтардың ең жоғары мөлшері мен алуантүрлілігі пестицидтермен өңделмеген топырақтарда байқалды. Ондаған жылдар бойы пестицидтермен өңдеу жүргізілген танаптардың топырағында актиномицеттердің дамуының тежелуі байқалды. Микроскопиялық саңырауқұлақтардың ең көп мөлшері пестицидтерді қолданған танаптардың топырағында анықталды, бұл көрсеткіш бақылау нұсқаларынан 11 есеге дейін жоғары болды. Пестицидтермен ластанған топырақтан микроағзалардың 45 штаммы бөлініп алынды, олардың культуралды-морфологиялық, тинкториалды қасиеттері, патоген еместігі анықталды.

Қаржыландыру. Алғыс айту. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған ЖТН №BR21882327 «Ауыл шаруашылығы өнімдерін органикалық өндіру мен қайта өңдеудің жаңа технологияларын дамыту» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында шығарылды. Келесі зерттеу жұмыстарында бөліп алынған штаммдар пестицидтермен ластанған топырақты биоремедиациялау үшін қолданылатын биопрепараттар жасауға ұсынылады.

Әдебиеттер:

- [1] **Kensa, V. M.** Bioremediation-an overview //Journal of Industrial Pollution Control, 2011. – Т. 27. – №. 2. – С. 161-168.
- [2] **Dvořák, P.** et al. Bioremediation 3.0: engineering pollutant-removing bacteria in the times of systemic biology //Biotechnology advances, 2017. – Т. 35. – №. 7. – С. 845-866.
- [3] **Янкевич, М. И.,** Хадеева В.В., Мурыгина В. П. Биоремедиация почв: вчера, сегодня, завтра // Биосфера, 2015. – Т. 7. – №. 2. – С. 199-208.
- [4] **Chakraborty, R.,** Wu C.H., Hazen T.C. Systems biology approach to bioremediation //Current Opinion in Biotechnology, 2012. – Т. 23. – №. 3. – С. 483-490.
- [5] **Vázquez-Núñez, E.** et al. Use of nanotechnology for the bioremediation of contaminants: A review // Processes, 2020. – Т. 8. – №. 7. – С. 826.
- [6] **Deshmukh, R.,** Khardenavis A. A., Purohit H. J. Diverse metabolic capacities of fungi for bioremediation //Indian journal of microbiology, 2016. – Т. 56. – С. 247-264.
- [7] **Abatenh, E.** et al. The role of microorganisms in bioremediation-A review // Open Journal of Environmental Biology, 2017. – Т. 2. – №. 1. – С. 038-046.
- [8] **Соколов, М. С.,** Глинушкин А. П., Спиридонов Ю. Я. Перспективы исследований по улучшению качества и оздоровления почв России // Достижения науки и техники АПК, 2016. – Т. 30. – №. 7. – С. 5-10.
- [9] **Karigar, C.S.,** Rao S.S. Role of microbial enzymes in the bioremediation of pollutants: a review // Enzyme research, 2011. – Т. 2011.
- [10] **Adenipekun, C.O.,** Lawal R. Uses of mushrooms in bioremediation: A review // Biotechnology and Molecular Biology Reviews, 2012. – Т. 7. – №. 3. – С. 62-68.
- [11] **Sharma, I.** Bioremediation techniques for polluted environment: concept, advantages, limitations, and prospects // Trace metals in the environment-new approaches and recent advances. – IntechOpen, 2020.
- [12] **Bhandari, S.** et al. Microbial enzymes used in bioremediation // Journal of Chemistry, 2021. – Т. 2021. – С. 1-17.
- [13] **Koshlaf, E.,** Ball A.S. Soil bioremediation approaches for petroleum hydrocarbon polluted environments //AIMS microbiology, 2017. – Т. 3. – №. 1. – С. 25.
- [14] **Lin, T.C.,** Pan P. T., Cheng S. S. Ex situ bioremediation of oil-contaminated soil // Journal of Hazardous Materials, 2010. – Т. 176. – №. 1-3. – С. 27-34.
- [15] **Medfu Tarekegn M.,** Zewdu Salilih F., Ishetu A. I. Microbes used as a tool for bioremediation of heavy metal from the environment //Cogent Food & Agriculture, 2020. – Т. 6. – №. 1. – С. 1783174.
- [16] **Kulshreshtha, A.** et al. A review on bioremediation of heavy metals in contaminated water

// IOSR Journal of Environmental Science, Toxicology and Food Technology, 2014. – Т. 8. – №. 7. – С. 44-50.

[17] **Ite, A.E.**, Ibok U. J. Role of plants and microbes in bioremediation of petroleum hydrocarbons contaminated soils // *Int. J. Environ. Bioremediat. Biodegrad*, 2019. – Т. 7. – С. 1-19.

[18] **Stępniewska, Z.**, Kuźniar A. Endophytic microorganisms-promising applications in bioremediation of greenhouse gases // *Applied microbiology and biotechnology*, 2013. – Т. 97. – С. 9589-9596.

[19] **Шарапова, И. Э.** Синергическое взаимодействие при разработке нефтеструктивных бактериально-грибных комплексных биопрепаратов // *Национальная ассоциация ученых*, 2022. – №. 82-2. – С. 12-15.

[20] **Quintella, C.M.**, Mata A.M.T., Lima L.C.P. Overview of bioremediation with technology assessment and emphasis on fungal bioremediation of oil contaminated soils // *Journal of environmental management*, 2019. – Т. 241. – С. 156-166.

[21] **Kumar, B.L.**, Gopal D. V. R. S. Effective role of indigenous microorganisms for sustainable environment // *3 Biotech*, 2015. – Т. 5. – С. 867-876.

[22] **Джаланкузов, Т.Д.**, Исенова Г.Д., Жаманбаева Г.Т. Оценка загрязненности черноземов Северного Казахстана, обусловленной применением удобрений и пестицидов // *Почвоведение и агрохимия*, 2012. – №. 2. – С. 14-20.

[23] **Садовская, Л.К.** 852. Перспективы использования эндофитных бактерий в биоремедиации почв агроэкосистем от пестицидов и других ксенобиотиков. Гарипова СР // *Успехи соврем. Биологии*, 2014. – Т. 134, N 1. – С. 35-47. - Рез. англ.-Библиогр.: С. 43-47. Шифр П1362 // *Экологическая безопасность в АПК. Реферативный журнал*, 2017. – №. 4. – С. 852-852.

[24] **Владимцева, И.В.** и др. Некоторые аспекты получения и применения бактериальных препаратов для ремедиации почв, загрязненных пестицидами // *Вестник ИрГСХА*, 2019. – №. 90. – С. 34-44.

[25] **Bokade, P.** et al. Bacterial remediation of pesticide polluted soils: Exploring the feasibility of site restoration // *Journal of Hazardous Materials*, 2023. – Т. 441. – С. 129906.

[26] **Góngora-Echeverría, V.R.** et al. Pesticide bioremediation in liquid media using a microbial consortium and bacteria-pure strains isolated from a biomixture used in agricultural areas // *Ecotoxicology and Environmental Safety*, 2020. – Т. 200. – С. 110734

References:

[1] **Kensa, V. M.** Bioremediation-an overview // *Journal of Industrial Pollution Control*, 2011. – Т. 27. – №. 2. – С. 161-168.

[2] **Dvořák, P.** et al. Bioremediation 3.0: engineering pollutant-removing bacteria in the times of systemic biology // *Biotechnology advances*, 2017. – Т. 35. – №. 7. – С. 845-866.

[3] **Jankevich, M. I.**, Hadeeva V.V., Murygina V. P. Bioremediacija pochv: vchera, segodnja, zavtra // *Biosfera*, 2015. – Т. 7. – №. 2. – С. 199-208. [in Russian]

[4] **Chakraborty, R.**, Wu C.H., Hazen T.C. Systems biology approach to bioremediation // *Current Opinion in Biotechnology*, 2012. – Т. 23. – №. 3. – С. 483-490.

[5] **Vázquez-Núñez, E.** et al. Use of nanotechnology for the bioremediation of contaminants: A review // *Processes*, 2020. – Т. 8. – №. 7. – С. 826.

[6] **Deshmukh, R.**, Khardenavis A. A., Purohit H. J. Diverse metabolic capacities of fungi for bioremediation // *Indian journal of microbiology*, 2016. – Т. 56. – С. 247-264.

[7] **Abatenh, E.** et al. The role of microorganisms in bioremediation-A review // *Open Journal of Environmental Biology*, 2017. – Т. 2. – №. 1. – С. 038-046.

[8] **Sokolov, M.S.**, Glinushkin A.P., Spiridonov YU.YA. Perspektivy issledovaniy po ustoychivomu kachestvu i ozdorovleniyu pochv Rossii // *Dostizheniya nauki i tekhniki APK*, 2016. – Т. 30. – №. 7. – С. 5-10 [in Russian]

[9] **Karigar, C.S.**, Rao S.S. Role of microbial enzymes in the bioremediation of pollutants: a review // *Enzyme research*, 2011. – Т. 2011.

[10] **Adenipekun, C.O.**, Lawal R. Uses of mushrooms in bioremediation: A review // *Biotechnology and Molecular Biology Reviews*, 2012. – Т. 7. – №. 3. – С. 62-68.

[11] **Sharma I.** Bioremediation techniques for polluted environment: concept, advantages,

limitations, and prospects // Trace metals in the environment-new approaches and recent advances. – IntechOpen, 2020.

[12] **Bhandari, S.** et al. Microbial enzymes used in bioremediation // Journal of Chemistry, 2021. – Т. 2021. – С. 1-17.

[13] **Koshlaf, E.**, Ball A.S. Soil bioremediation approaches for petroleum hydrocarbon polluted environments // AIMS microbiology, 2017. – Т. 3. – №. 1. – С. 25.

[14] **Lin, T.C.**, Pan P. T., Cheng S. S. Ex situ bioremediation of oil-contaminated soil // Journal of Hazardous Materials, 2010. – Т. 176. – №. 1-3. – С. 27-34.

[15] **Medfu Tarekegn M.**, Zewdu Salilih F., Ishetu A. I. Microbes used as a tool for bioremediation of heavy metal from the environment // Cogent Food & Agriculture, 2020. – Т. 6. – №. 1. – С. 1783174.

[16] **Kulshreshtha, A.** et al. A review on bioremediation of heavy metals in contaminated water // IOSR Journal of Environmental Science, Toxicology and Food Technology, 2014. – Т. 8. – №. 7. – С. 44-50.

[17] **Ite, A.E.**, Ibok U. J. Role of plants and microbes in bioremediation of petroleum hydrocarbons contaminated soils // Int. J. Environ. Bioremediat. Biodegrad, 2019. – Т. 7. – С. 1-19.

[18] **Stępniewska, Z.**, Kuźniar A. Endophytic microorganisms—promising applications in bioremediation of greenhouse gases // Applied microbiology and biotechnology, 2013. – Т. 97. – С. 9589-9596.

[19] **Sharapova, I.E.** Mode of action, mechanism and role of microbes in bioremediation service for environmental pollution management // Journal of Biotechnology & Bioinformatics Research, 2020. – Т. 2. – №. 3. – С. 1-18 [in Russian]

[20] **Quintella, C.M.**, Mata A.M.T., Lima L.C.P. Overview of bioremediation with technology assessment and emphasis on fungal bioremediation of oil contaminated soils // Journal of environmental management, 2019. – Т. 241. – С. 156-166.

[21] **Kumar, B.L.**, Gopal D. V. R. S. Effective role of indigenous microorganisms for sustainable environment // 3 Biotech, 2015. – Т. 5. – С. 867-876.

[22] **Jalankuzov, T.D.**, Isenova G.D., Dzhamanbayeva G.T. Assessment of contamination of chernozems of Northern Kazakhstan caused by the use of fertilizers and pesticides // Soil science and agrochemistry, 2012. – No. 2. – Т. 14-20 [in Russian]

[23] **Sadovskaya, L.K.** 852. Perspektivy ispol'zovaniya endofitnykh bakteriy v bioremediatsii pochv agroekosistem ot pestitsidov i drugikh ksenobiotikov. Garipova SR // Uspekhi sovrem. biologii. – 2014. – Т. 134, N 1. – С. 35-47. – Rez. angl.-Bibliogr.: С. 43-47. Shifr P1362 // Ekologicheskaya bezopasnost' v APK. Referativnyy zhurnal, 2017. – №. 4. – С. 852-852 [in Russian]

[24] **Vladimtseva, I.V.** i dr. Hekotoryye aspekty polucheniya i primeneniya bakterial'nykh preparatov dlya remediatsii pochv, zagryaznennykh pestitsidami // Vestnik IrGSKHA, 2019. – №. 90. – С. 34-44 [in Russian]

[25] **Bokade, P.** et al. Bacterial remediation of pesticide polluted soils: Exploring the feasibility of site restoration // Journal of Hazardous Materials, 2023. – Т. 441. – С. 129906.

[26] **Góngora-Echeverría, V.R.** et al. Pesticide bioremediation in liquid media using a microbial consortium and bacteria-pure strains isolated from a biomixture used in agricultural areas // Ecotoxicology and Environmental Safety, 2020. – Т. 200. – С. 110734.

ВЛИЯНИЕ ПЕСТИЦИДОВ НА РАСПРОСТРАНЕНИЕ ГРУПП МИКРООРГАНИЗМОВ В ПОЧВЕ

Жакипова А.А.¹, магистрант 1 курса

Кияс А.А.²

Науанова А.П.^{1,3}, доктор биологических наук, профессор

¹Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, г. Астана, Казахстан

²Научно-производственный центр зернового хозяйства имени А.И. Бараева, п. Научный, Казахстан

³ТОО «Био-КАТУ», г. Астана, Казахстан

Аннотация. В данной статье приведены данные по обследованию почв Северного Казахстана, загрязненных в результате многолетнего применения химических средств защиты растений. Изучен количественный состав микроорганизмов почв после разового и многолетнего применения гербицидов и инсектицидов. В ходе исследования выявлено, что в вариантах без внесения пестицидов встречается наибольшее количество спорообразующих микроорганизмов и актиномицетов, так же отмечается их разнообразие. В вариантах с долгосрочным применением пестицидов, распространены споры грибов, которые в 11 раз превышают численность микромицетов по сравнению с контрольным вариантом. Выделены штаммы микроорганизмов для дальнейшего изучения и создания новых консорциумов эффективных в биоремедиации почв. При использовании гербицидов Торнадо, Фюзилад Форте и инсектицида Энжио 247 на пахотных почвах наблюдалось увеличение количества актиномицетов, произрастающих в питательной среде Гаузе, Гетчинсона и Чапек-Докса. Было обнаружено, что в почвах, где гербициды и инсектициды использовались в питательной среде МПА, количество спорообразующих бактерий уменьшилось, а количество микроскопических грибов увеличилось в вариантах, в которых использовались гербициды Торнадо.

В результате исследования были выделены новые штаммы микроорганизмов для создания новых эффективных консорциумов, используемых для очистки почвы от остатков пестицидов.

Ключевые слова: биопрепараты, биоремедиация, пестициды, почвенные микроорганизмы, микробиологическая активность.

THE EFFECT OF PESTICIDES ON THE SPREAD OF GROUPS OF MICROORGANISMS IN THE SOIL

Zhakupova A.A.¹, 1st year undergraduate student

Kiyas A.A.²

Nauanova A.P.^{1,3}, doctor of biological sciences, professor

¹Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana city, Kazakhstan

²Scientific and production center of grain farming named after A.I. Baraev, Nauichnyi village, Kazakhstan

³«Bio-KATU» LLP, Astana city, Kazakhstan

Annotation. This article presents data on the survey of soils in Northern Kazakhstan contaminated as a result of long-term use of chemical plant protection products. The quantitative composition of soil microorganisms after single and long-term use of herbicides and insecticides has been studied. The study revealed that the variants without pesticides contain the largest number of spore-forming microorganisms and actinomycetes, as well as their diversity. In variants with long-term use of pesticides, fungal spores are common, which 11 times exceed the number of micromycetes compared to the control variant. Strains of microorganisms have been isolated for further study and creation of new consortia effective in soil bioremediation. When using the herbicides Tornado, Fusilade Forte and the insecticide Engio 247 on arable soils, an increase in the number of actinomycetes growing in the nutrient medium of Gause, Getchinson and Chapek-Doks was observed. It was found that in soils where herbicides and insecticides were used in the MPA nutrient medium, the number of spore-forming bacteria decreased, and the number of microscopic fungi increased in variants in which Tornado herbicides were used.

As a result of the study, new strains of microorganisms were isolated to create new effective consortia used to clean the soil from pesticide residues.

Keywords: biopreparats, bioremediation, pesticides, soil microorganisms, microbial activity.

ЖЕРДІ ҚАШЫҚТАН ЗОНДТАУ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРІНДЕГІ ДЕГРАДАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ БАҒАЛАУ

Зұлпыхаров Қ.Б. ¹, докторант

kanat.zulpykharov@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1934-5063>

Тоқбергенова А.А. ¹, г.ф.к., ассоциированный профессор

aigul.tokbergenova@kaznu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-0275-2463>

Таукебаев Ө.Ж. ¹, докторант

omirzhan.taukebayev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-7959-1434>

Біләлов Б.М. ¹, магистрант, 2 курс

bekzat.bilalov01@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1482-7653>

Салмұрзаұлы Р. ¹, PhD

ruslan.salmurzauli@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9667-8526>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада қашықтықтан зондтау деректері және далалық зерттеу жұмыстарының негізінде Түркістан облысындағы суармалы егістік жерлердің мелиоративтік жай-күйі мен олардың пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеулер көрсеткендей, бүгінгі таңда облыстағы суармалы жерлердің 50 % жуығына әр түрлі деңгейде тұздар әсер еткен. Оның ішінде, топырақ жамылғысының 19 % әлсіз, 16 % орташа және 10 % өте күшті дәрежеде тұзданған.

Суармалы жерлер Республикамыздың 30% жуығын алып жатыр, сондай-ақ, мақта өндірісінің 100% (110 мың га), бау-бақша, көкөніс дақылдарының 40,8% (114 мың га) және жүгері өндірісінің 25% (46 мың га) беретін Түркістан облысындағы суармалы жерлерді тиімді, әрі тұрақты пайдалану бүгінгі күнде тек ғана аймақ үшін емес, еліміз үшін өте маңызды. Бұл зерттеу жұмысында Жерді қашықтан зондтау мәліметтері негізінде бірқатар вегетациялық және тұздылық индекстері саналып, экспедициялық жұмыстар нәтижесімен корреляция жасалынды.

Нәтижесінде, қашықтықтан зондтау деректері негізінде жасалынған Salinity Index 4, Salinity Index 7 және Salinity Index 9 тұздану индекстерінің көрсеткіштері жер беті, яғни далалық жұмыстардың нәтижесімен өзара баланысы жоғары көрсеткіштерге ие болды

Тірек сөздер: қашықтықтан зондтау деректері, Landsat, суармалы жерлер, су жүйелері, жер асты суы, тұздану.

Кіріспе. Топырақтың тұздануы – жер сілкінісі немесе ауқымды көшкін сияқты әсерлі және жойқын болмауы мүмкін, алайда, ауыл шаруашылығының өнімділігі мен тұрақтылығына теріс әсер ететін негізгі жаһандық мәселе болып табылады [1]. Дүние жүзі бойынша тұзданған және қышқылданған жерлердің жалпы ауданы 932,2 млн га құрап [2], қазіргі таңда суару жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан 34,19 млн га [3] немесе жалпы жер шарының 10 % [4,5] суармалы жерлеріне тұздану процестері айтарлықтай күшті әсер етуде.

Суармалы егістік жерлердегі тұздану процесстеріне бақылау жасау оның қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және суармалы егіншіліктің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Ол тұрақты басқару жоспарларын жасауға көмектесетін жылдам мониторинг жүйелерін құруды талап етеді. Тұздану қаупі бар аймақтарды картаға түсіру және болжау үшін кәдімгі проксималды әдістерге қарағанда қашықтан зондтау деректері айтарлықтай өзгеше болады [6].

Осы деректер топырақтың тұздылығын жорамалдауға, өнімділікті айқындауға және топырақ пен қоршаған ортаға әсерін бағалауға мүмкіншілік береді [7]. Қашықтықтан зондтау деректері экспедициялық өлшемдермен салыстырғанда еңбекті, уақытты және

күш-жігерді үнемдейді. Қашықтықтан зондтау құралдарынан алынған ақпарат айтарлықтай қажетті, жүйелі түрде жинақталған және кең аумақты қамтиды. Осылайша, бұл деректер кеңістіктік және уақыттық ауқымда тұздан зардап шеккен топырақтар туралы мағұлматты түсіру мүмкіндігіне ие [6].

Топырақтың тұздануы құрғақ және жартылай құрғақ, яғни атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің буланудан әлдеқайда төмен аймақтарында кеңінен таралған [8]. Бұл аталған мәселе Қазақстанның оңтүстік аймағындағы суармалы жерлеріде айқын көрініс тапқан.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу нысаны. Зерттелетін аумақтың климаты күрт континенттік, жазы құрғақ, ыстық, қысы салыстырмалы түрде суық. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы солтүстігінде $-7-9^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $-2-4^{\circ}\text{C}$. Жазы ұзақ, ыстық, қуаң және аңызқты. Шілде айының жылдық орташа температурасы $+26,8^{\circ}\text{C}$, ең жоғарғысы $+43,8^{\circ}\text{C}$. Шөлді аймағында жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100-150 мм, тау алдында 300-500 мм, биік таулы бөлігінде 800 мм. Ең көп жауын-шашын мөлшері (70%) көктемгі-қысқы кезеңде түседі. Ең ылғалды ай – мамыр, ең құрғақ ай – тамыз.

Түркістан облысы жерінің оңтүстігінен солтүстік-батысына қарай Сырдария өзені ағып өтеді. Сырдарияға Арыс, Келес, Құркелес өзендері құяды. Оңтүстік-шығысында Арыс, Бадам, Сайрамсу, Ақсу, Жабағылы, Машат, Дауылбаба, Боралдай өзендері ағады. Қаратау жотасынан басталатын Бөген, Шаян, Арыстанды, Шылбыр, Байылдыр, Көксарай, т.б. өзендер облыс орталығын сумен қамтамасыз етеді.

Аумақтағы суару жүйелерінің жалпы ұзындығы 11 991,1 км құрайды, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі 5 262,1 км, коммуналдық 6 010,4 км және жеке меншіктегісі 718,6 км құрайды. Жер арнасында жалпы суару жүйесі 8 965,2 км, бетон қаптамасымен 782,2 км, лотоктарда 1371 км және құбырлы жүйелер 872,7 км құрайды.

Суармалы жерлеріндегі топырақ жамылғысының негізін шалғынды-шөлдік топырақтар құрайды және топырақ түрлерінің барлығы аз өнімді. Гумус мөлшері топырақтың өңделетін қабатында 1 % аспайды. Түйіршік құрамы бойынша ауданның солтүстік жағында орналасқан ауыл округтердің жерлері негізінде орта сазды, ал оңтүстік жағында жеңіл және орта сазды топырақтар құм және құмшауыт топырақтармен қабаттасады.

Зерттеу әдістері. Қашықтықтан зондтау деректері негізінде кез келген салыстыру жұмыстарын аяқтау үшін деректердің негізгі екі түрі қажет. Біріншісі – қашықтықтан зондтау деректерінің өзі, ал екіншісі – негізгі нақты деректер (яғни, далалық жұмыстарды жүргізу негізінде алынған нақты, шын деректер). Жер үсті (далалық жұмыстар) нақты деректер болмаса, қашықтықтан зондтау деректерінің мәні шектеулі.

Бұл зерттеу жұмысында жұмысында Түркістан облысының суармалы жерлерінің толық аумағын қамтитын 2023 жылдың сәуір-қыркүйек айлары аралығындағы уақыттағы Landsat 8-9 OLI-TIRS сериялы спутнигінің деректері пайдаланылды. Спутниктік деректерін пайдалана отырып, төмендегідей вегетациялық және тұздану индекстері есептелінді [9-12]:

Вегетациялық индекстер:

Normalized Difference Vegetation Index – $\text{NDVI} = (\text{NIR} - \text{R}) / (\text{NIR} + \text{R})$;

Enhanced Vegetation Index – $\text{EVI} = 2.5(\text{NIR} - \text{R}) / (\text{NIR} + 6\text{R} - 7.5\text{BLUE} + 1)$;

Ratio Vegetation Index – $\text{RVI} = \text{NIR} / \text{R}$;

Soil-Adjusted Vegetation Index $\text{SAVI} = (\text{NIR} - \text{R}) / (\text{NIR} + \text{R} + \text{L}) * (1 + \text{L})$;

Тұздану индекстері:

Normalized Difference Salinity Index – $\text{NDSI} = (\text{R} - \text{NIR}) / (\text{R} + \text{NIR})$;

Salinity Index 1 – $\text{SI1} = \text{BLUE} / \text{RED}$

Salinity Index 2 – $\text{SI2} = (\text{BLUE} - \text{RED}) / (\text{BLUE} + \text{RED})$

Salinity Index 3 – SI3 = (GREEN*RED)/BLUE

Salinity Index 4 – SI4 = BLUE*RED

Salinity Index 5 – SI5 = (BLUE*R)/GREEN

Salinity Index 6 – SI6 = BLUE/RED

Salinity Index 7 – SI7 = (BLUE-RED)/(BLUE+RED)

Salinity Index 8 – SI8 = (RED*NIR)/GREEN

Salinity Index 9 – SI9 = GREEN²*RED²*NIR²

Спутниктік деректермен қосымша Түркістан облысының суармалы алқаптары бойынша 16 негізгі учаскелерден 0-200 см тереңдікте топырақ сынамалары алынып зертханада физикалық-химиялық талдау жасалынды (1-кесте).

Топырақ сынамаларына физика-химиялық талдау келесідей жүргізілді: жалпы қарашірік (%), оңай гидролизденетін (жылжымалы) азот (мг/кг), топырақтағы сулы сығынды нәтижесінде тұздың мөлшері (%), судың рН және гигроскопиялық ылғалдылығы бар механикалық құрамы.

Далалық зерттеу жұмыстары Түркістан облысының суармалы алқаптарында 2023 жылдың 17-26 шілде аралығында жүргізілді. Атап айтқанда, Мырзашөл (Мақтаарал және Жетісай аудандары) суармалы алқабы бойынша 5 негізгі учаскелерден, Қызылқұм (Шардара ауданы) суармалы алқабында 4 негізгі учаскелерден, Арыс-Түркістан (Одабасы ауданы, Арыс және Түркістан қалалық әкімшіліктері) суармалы алқабында 4 негізгі учаскелерден және Отырар (Отырар ауданы) суармалы алқабы бойынша 3 негізгі учаскелерден топырақ сынамалары алынды (1-кесте).

Зерттеу аумағындағы топырақ сынамалары әр түрлі деңгейдегі тұзданған және әр түрлі топырақ типі бойынша таңдалынып алынды.

Талданған топырақ сынамалары спутниктік суреттерден алынған нәтижелермен салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. 2022 жылғы жағдай бойынша Түркістан облысындағы жалпы егістік алқаптарының ауданы 846 мың га құрайды. Оның 551,4 мың га (68%) суармалы жерлер болса, 294,6 мың га (32%) (1а-сурет) суарылмайтын жерлер болып табылады [13]. 2022 жылы облыстағы суармалы жерлердің 61,8 мың га пайдаланылмаған (1б-сурет) [14]. Мұның басты себебі – суармалы аумақтағы жер асты суының шектен тыс көтерілуі, тұздану, судың тапшылығы және суармалы жүйелердің тозуы мен жұмыс істемеуі болып табылады.

Ұзақ мерзім бойы пайдаланудың себебінен суармалы алқаптағы жөнделмеген каналдардың, гидротехникалық құрылғыларының, әсіресе, ішкі шаруашылық каналдары жөндеу жұмыстары жасалмай әбден тозған. Каналдар таяздап, арнасы тарылған, қалың шөп пен қамыс өсіп кеткен, тоспалар болса ескіріп немесе жойылған.

Аумақтағы суару жүйелерінің техникалық жағдайының нашарлауы салдарынан жер үсті суының жер асты суымен араласып кетуі жер асты суының деңгейінің шамадан тыс көтерілуіне алып келген. Ақаба суларды егістіктен шығаруда коллектор-дренаж жүйелерімен қатар, алқапта орналастырылған мелиоративтік сорғы стансаларының жұмысы маңызды болған.

Алқапта олардың саны 18, солардың 14-і қашыртқы суларын су жүйелеріне немесе коллекторларға айдап, суды қайта пайдалануға, жерлерді батпақтанудан сақтауға жұмыс істеген. Қазір сорғылар иесіз, олар жойылып, жұмыс істеуге жарамсыз болып отыр.



1991-2022 жж аралығында облыстағы суармалы жерлердің ауданы айтарлықтай өскен, 1991 жылы 495,8 мың га болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 551,4 мың га құрап, 55,6 мың га артқан. Алайда, зерттеу аумағындағы суармалы егістік жерлердің ауданы 2020-2022 жж аралығын салыстырғанда 23 мың га қысқарған (1а-сурет).

Еліміздегі АӨК дамытудың 2017-2021 жж арналған бағдарламасын іске асыру аясында облыстағы суармалы жерлердің ауданы 2017-2020 жж айтарлықтай артқан.

Алайда, 2021 жылдан бастап, аумақтағы су жетіспеушілігі және ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайының нашар күйде болуы салдарынан суармалы жерлердің ауданы қайтадан қысқарған. Осы мәселеге байланысты, 2020 жылы аумақтағы пайдаланылмай қалған суармалы егістік алқаптарының ауданы 58,8 мың га болса, 2022 жылы 61,8 мың га құрап, 3 мың га артқан (16-сурет).

2022 жылғы жағдай бойынша облыстағы суармалы жерлердің 61,8 мың га пайдаланылмаса, оның 7,4 мың га тұздануға, 15,3 мың га су жетіспеушілігі, 3,1 мың га жер асты суының шектен тыс көтерілуі, 36 мың га ирригациялық жүйелердің жағдайы нашар және т.б. себептерге байланысты болған (2а,б,в,г -сурет).


Облыстағы суармалы алқаптардағы топырақ жамылғысының тұздануына әсер етіп жатқан негізгі факторларға – жер асты суының шектен тыс көтерілуі мен тұздылығы жоғары жер асты суының жер бетіне жақын орналасуы болып табылады.




а) Түркістан облысының 1991-2022 жж. суармалы жерлерінің динамикасы, мың га

б) Облыстағы 2007-2022 жж. пайдаланылмаған суармалы жерлерінің динамикасы, мың га


1-сурет – Түркістан облысындағы суармалы жерлердің сипаттамасы, мың га.




а) Тұздану



б) Су жетіспеушілігі




в) Жер асты суының деңгейі көтерілген




г) Ирригациялық жүйелердің жағдайы нашар және т.б.

2-сурет – Түркістан облысындағы 2007-2022 жж пайдаланылмаған суармалы жерлердің құрылымы, мың га.

Топырақтың тұздануы және деградациясы тұзды жер асты сулары жер бетіне жақындағанға дейін көтерілетін және булану жауын-шашыннан асып түсетін жерлерде қарқынды жүреді [15]. Түркістан облысы суармалы алқаптарындағы жер асты суының тұздылығы мен жер асты суы деңгейінің көрсеткіштері 3-4 суреттерде көрсетілген.




а) ауданы мың га




б) ауданы %

3-сурет – Облыстың суармалы жерлеріндегі жер асты суының деңгейі, м



а) ауданы мың га



б) ауданы %


4-сурет – Облыстың суармалы жерлеріндегі жер асты суының тұздылығы, г/л

Жоғарыдағы келтірілген «Нәтижелер мен талқылаулар» бөліміндегі мәліметтер бұл толығымен көпжылдық дәстүрлі далалық зерттеу жұмыстарының негізінде жасалынған. Суармалы жерлердегі деградациялық процесстерді атап айтқанда, тұздану процесстерін

анықтауда дәстүрлі далалық зерттеу жұмыстары өте ауқымды қаржыны, уақытты және жұмыс күшін талап етеді. Осыған байланысты ЖҚЗ деректерін пайдалана отырып, зерттеу аумағындағы суармалы алқаптардағы тұздану процесстерін анықтау мақсатында Landsat 8-9 OLI-TIRS сериялы спутнигінің кескіндері негізінде 10 тұздану индексі мен 4 вегетациялық индекстерді есептелінді (5-сурет). ЖҚЗ деректері негізінде алынған нәтижелерді салыстыру және олардың қаншалықты тиімді екендігін анықтау мақсатында зерттеу аумағының әртүрлі дәрежеде тұзданған суармалы жерлерінен 0-30, 30-70, 70-100, 100-150 және 150-200 см тереңдікке дейін топырақ сынамалары алынып, олардың физикалық-химиялық құрамы зертхана жағдайында талданды. Зертханалық жағдайда талдау жасалынған топырақ сынамаларының толық мәліметтері 1-кестеде көрсетілген. Сонымен қатар, ерекше атап өтетін жағдай, зерттеу аумағындағы тұздану процесстерін анықтауда далалық зерттеу жұмыстарының жүргізілу уақыты мен ЖҚЗ деректері бірдей уақыт аралығын қамтыды. Яғни, зерттеу аумағындағы далалық жұмыстар 2023 жылдың 17-26 шілде аралығында жүргізіліп, 2023 жылдың мамыр және қыркүйек айлары аралығындағы түсірілген спутниктік суреттер таңдалынып алынды (1-кесте).

ЖҚЗ деректері негізінде есептелінген бірнеше тұздану индекстерінің (NDSI, SI-1, SI-2, SI-3..., SI-9) және вегетациялық индекстердің (NDVI, EVI, RVI және SAVI) көрсеткіштері далалық зерттеулерден алынған нәтижелермен Пирсон сызықтық корреляциясы арқылы өзара байланысы анықталды (6-сурет).

Нәтижесінде, қашықтықтан зондтау деректері негізінде жасалынған Salinity Index 4, Salinity Index 7 және Salinity Index 9 тұздану индекстерінің көрсеткіштері жер беті, яғни далалық жұмыстардың нәтижесімен өзара баланысы жоғары көрсеткіштерге ие болды (6-сурет).




5-сурет – Landsat 8-9 OLI-TIRS деректері негізінде тұздану және вегетациялық индекстерді есептеу

1-кесте – Түркістан облысының суармалы алқаптарындағы жүргізілген далалық жұмыстардың нәтижелері

№	Ауылдық округ/ауыл атауы	Географиялық координаттары	Өсірілген дақыл	Топырақ сынама-сын алу күні	Химиялық талдауларды жүргізу күні	Топырақтың механикалық құрамы	Тереңдігі, см	Топырақтың тұздану дәрежесі	Топырақтағы сулы сығынды нәтижесінде тұздың мөлшері (%),	Топырақтағы рН	Жалпы гумус, %	Жеңіл гидролизденетін азот, мг / кг
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Мырзашөл суармалы алқабы												
1	Жеңіс	68°29'15" E 40° 37'49" N	Мақта	17.07.23	18.07.23	Орташа құм-балшықты топырақтар	0-30	Күшті тұзданған	0,851	7,1	1,5	49
							30-70		0,742	7,3	0,95	34
							70-100		0,644	-	-	-
							100-150	Орташа тұзданған	0,453	-	-	-
									150-200	0,493	-	-
2	Ырысты	68°25'41" E 40° 39'48" N	Бақша (қарбыз)	17.07.23	18.07.23	Орташа құм-балшықты топырақтар	0-30	Күшті тұзданған	0,765	7,0	1,35	56
							30-70		0,660	7,3	1,1	29
							70-100	Әлсіз тұзданған	0,398	-	-	-
							100-150		0,151	-	-	-
							150-200		0,133	-	-	-
3	Жылы су	68°09'58" E 40° 49'12" N	Мақта	17.07.23	18.07.23	Орташа құм-балшықты топырақтар	0-30	Күшті тұзданған	0,948	7,2	2,1	72
							30-70		0,856	6,7	1,4	48
							70-100		0,684	-	-	-
							100-150		0,653	-	-	-
							150-200		0,601	-	-	-
4	Қоңырат	68°33'07" E 40° 49'24" N	Мақта	17.07.23	19.07.23	Ауыр құм-балшықты топырақтар	0-30	Тұзданбаған	0,096	6,5	1,9	52
							30-70		0,090	6,9	1,4	49
							70-100		0,088	-	-	-
							100-150		0,078	-	-	-
							150-200		0,069	-	-	-
5	Ділдабеков	68°22'54" E 40° 57'21" N	Көкөніс (қызанақ)	17.07.23	19.07.23	Орташа құм-балшықты топырақтар	0-30	Әлсіз тұзданған	0,154	7,2	1,7	87
							30-70		0,333	6,8	0,6	60
							70-100		0,383	-	-	-
							100-150		0,320	-	-	-
							150-200		0,277	-	-	-

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Қызылқұм суармалы алқабы												
1	Көксу	68°00'49" E 41° 30'44" N	Мақта	18.07.23	20.07.23	Ауыр құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Күшті тұздан- ған	1,101	7,0	2,9	101
							30-70		0,955	6,6	1,8	98
							70-100		0,631	-	-	-
							100-150	Орташа тұзданған	0,551	-	-	-
							150-200		0,452	-	-	-
2	Көксу	68°00'25" E 41° 30'56" N	Бақша (қауын- қарбыз)	18.07.23	20.07.23	Ауыр құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Тұзданба ған	0,088	6,9	3,5	142
							30-70		0,076	6,1	1,5	115
							70-100		0,068	-	-	-
							100-150		0,042	-	-	-
							150-200		0,029	-	-	-
3	Қазақстан	67°57'55" E 41° 49'15" N	Мақта	18.07.23	20.07.23	Орташа құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Күшті тұздан- ған	0,952	7,3	2,1	58
							30-70		0,910	6,8	1,0	39
							70-100		0,742	-	-	-
							100-150	Әлсіз тұздан- ған	0,448	-	-	-
							150-200		0,350	-	-	-
4	Қазақстан	67°57'08" E 41° 48'39" N	Жүгері	18.07.23	20.07.23	Орташа құм-бал- шықты топырақтар	0-30	Тұзданба ған	0,086	7,0	3,1	111
							30-70		0,075	6,2	1,8	78
							70-100		0,051	-	-	-
							100-150		0,038	-	-	-
							150-200		0,026	-	-	-
Арыс-Түркістан суармалы алқабы												
1	Спатаев	68°59'37" E 42° 54'39" N	Жоңыш- қа	24.07.23	25.07.23	Орташа құм- балшықты топырақтар	0-30	Тұздан- баған	0,056	7,1	2,8	145
							30-70		0,042	6,5	1,2	101
							70-100		0,038	-	-	-
							100-150		0,024	-	-	-
							150-200		0,018	-	-	-
2	Ескі Икан	68°31'13" E 43° 58'05" N	Жүгері	24.07.23	25.07.23	Орташа құм- балшықты топырақтар	0-30	Күшті тұздан- ған	0,101	7,1	3,3	150
							30-70		0,981	6,9	1,5	122
							70-100		0,866	-	-	-
							100-150	Әлсіз тұздан-ған	0,556	-	-	-
							150-200		0,480	-	-	-

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
3	Жаңа Икан	68°43'08" E 43° 22'50" N	Көкөніс (қияр)	24.07.23	25.07.23	Орташа құм- балшықты топырақта р	0-30	Тұзданба ған	0,073	7,1	3,3	95
							30-70		0,061	6,5	1,1	49
							70-100		0,043	-	-	-
							100-150		0,025	-	-	-
							150-200		0,019	-	-	-
4	Қызыл жар	68°57'57" E 42° 55'55" N	Жоңыш- қа	24.07.23	25.07.23	Орташа құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Тұзданба ған	0,065	6,4	4,5	160
							30-70		0,043	6,1	2,3	125
							70-100		0,030	-	-	-
							100-150		0,019	-	-	-
							150-200		0,001	-	-	-
Отырар суармалы алқабы												
1	Талапты	68°18'59" E 42° 47'40" N	Жүгері	26.07.23	27.07.23	Орташа құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Күшті тұздан- ған	0,113	7,2	2,1	85
							30-70		0,108	6,8	0,95	63
							70-100		0,950	-	-	-
							100-150		0,785	-	-	-
							150-200		0,601	-	-	-
2	Отырар	68°21'25" E 42° 54'38" N	Көкөніс (қияр)	26.07.23	27.07.23	Орташа құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Орташа тұздан- ған	0,598	7,2	2,6	125
							30-70		0,486	6,9	1,13	100
							70-100		0,430	-	-	-
							100-150		0,410	-	-	-
							150-200		0,399	-	-	-
3	Көксарай	68°08'57" E 42° 37'53" N	Жоңыш- қа	26.07.23	27.07.23	Орташа құм- балшықты топырақ- тар	0-30	Орташа тұздан- ған	0,601	7,1	3,5	185
							30-70		0,554	6,7	1,1	90
							70-100		0,502	-	-	-
							100-150		0,450	-	-	-
							150-200		0,402	-	-	-



6-сурет – Зерттеу аумағы бойынша жүргізілген далалық жұмыстар мен қашықтықтан зондтау деректерін Pearson корреляциясының көрсеткіштері негізінде талдау.

Соңғы он жылдықтарда қашықтықтан зондтау деректері мен далалық жұмыстарды ұштастырып тұзданған жерлердің картасын және оларды картаға түсірудің түрлі әдістерін әзірлеу көптеген зерттеушілердің негізгі мақсаты болған. Спутниктік қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу үшін бірнеше алгоритмдер мен модельдер жасалды. Қазіргі таңда спутниктік, соның ішінде оптикалық қашықтан зондтау деректерінен басқа радиолокациялық және LIDAR кескіндері сияқты қашықтықтан зондтау деректері негізінде топырақтың тұздылығын картаға түсіруді және бағалауды көрсетудің бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Сонымен қатар, арнайы БПЛА (ұшқышсыз ұшатын аппараттар) мен дорндардың кескіндері де қазіргі таңда тұздану процесстерін картаға түсіруде және анықтауда кең ауқымды мәліметтерді бере алады.

Қорытынды. Суармалы жерлердегі суару суларын тиімсіз пайдалану судың ысырап болуына ғана емес, сонымен қатар топырақтың деградациясына да әкеледі. Жалпы Қазақстандағы суармалы жерлердің 30 % жуығы шоғырланған, сондай-ақ, еліміздегі мақта өндірісінің 100% (110 мың га), бау-бақша, көкөніс дақылдарының 40,8% (114 мың га) және жүгері өндірісінің 25% (46 мың га) беретін Түркістан облысындағы суармалы жерлерді тиімді, әрі тұрақты пайдалану бүгінгі күнде тек ғана аймақ үшін емес еліміз үшін өте маңызды. Бұл зерттеу жұмысында Түркістан облысындағы суармалы жерлердегі тұздану процесстерін талдауда, бағалауда қашықтан зондтау деректерін пайдаланудың маңыздылығы көрсетілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұздану индекстерінің 10 түріне және вегетациялық индекстердің 4 түрі бойынша есептеулер жасалынып, олардың ішіндегі жақсы нәтиже беретін индекстері анықталды. Қашықтан зондтау деректері негізінде суармалы жерлердегі тұздану процесстерін жедел түрде анықтау арқылы, уақытты үнемдей отырып, ондағы теріс әсерді болдырмау және оның алдын алу бойынша іс-шараларды ұтымды ұйымдастыруға және тұздану процесін картографиялау арқылы, нақты іс-әрекеттер жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (грант № BR18574227).

Әдебиеттер:

- [1] **Metternicht, G.I.**, Zinck J.A. Remote sensing of soil salinity: potentials and constraints // Remote sensing of Environment, 2003. – Т. 85. – №. 1. – С. 1-20.
- [2] **Daliakopoulos, I.N.**, Tsanis I.K., Koutroulis A., Kourgialas N.N., Varouchakis A.E., Karatzas G.P., & Ritsema C.J. The threat of soil salinity: A European scale review // Science of the total environment, 2016. – Т. 573. – С. 727-739. URL: <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2016.08.177>
- [3] **Rengasamy, P.** World salinization with emphasis on Australia // Journal of experimental botany, 2006. – Т. 57. – №. 5. – С. 1017-1023. <https://doi.org/10.1093/jxb/erj108>
- [4] **Mateo-Sagasta, J.**, Burke J. Agriculture and water quality interactions: a global overview // SOLAW Background Thematic Report-TR08, 2011. – Т. 46.
- [5] **Faures, J.M.** et al. AQUASTAT-FAO's information system on water and agriculture // GRID-Magazine of the IPTRID Network (FAO/United Kingdom),– 2001. – №. 18.
- [6] **Abbas, A.**, Khan S., Hussain N., Hanjra M.A., & Akbar S. Characterizing soil salinity in irrigated agriculture using a remote sensing approach // Physics and chemistry of the Earth, Parts A/B/C. – 2013. – Т. 55. – С. 43-52. <https://doi.org/10.1016/j.pce.2010.12.004>
- [7] **Bastiaanssen, W.G.M.**, Molden D.J., Makin I.W. Remote sensing for irrigated agriculture: examples from research and possible applications // Agricultural water management, 2000. – Т. 46. – №. 2. – С. 137-155. [https://doi.org/10.1016/S0378-3774\(00\)00080-9](https://doi.org/10.1016/S0378-3774(00)00080-9)
- [8] **Панкова, Е.И.**, Конюшкова М.В. Влияние глобального потепления климата на засоленность почв аридных регионов // Бюллетень почвенного института им. В.В. Докучаева. – 2013. – №. 71. – С. 3-15.
- [9] **Elhag, M.** Evaluation of different soil salinity mapping using remote sensing techniques in arid ecosystems, Saudi Arabia // Journal of Sensors, 2016. – Т. 2016. <https://doi.org/10.1155/2016/7596175>
- [10] **Ferdous, J.**, Rahman M.T.U. Evaluating different salinity indices for soil salinity mapping of coastal region of Bangladesh // IEEE R10HTC. – 2017.
- [11] **Nicolas, H.**, Walter C. Detecting salinity hazards within a semiarid context by means of combining soil and remote-sensing data // Geoderma, 2006. – Т. 134. – №. 1-2. – С. 217-230. <https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2005.10.009>
- [12] **Asfaw, E.**, Suryabhadgavan K.V., Argaw M. Soil salinity modeling and mapping using remote sensing and GIS: The case of Wonji sugar cane irrigation farm, Ethiopia //Journal of the Saudi Society of Agricultural Sciences, 2018. – Т. 17. – №. 3. – С. 250-258. <https://doi.org/10.1016/j.jssas.2016.05.003>
- [13] Қазақстан Республикасы жерлерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалық есеп, Астана, 2022. – 321 б.
- [14] Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық және мелиорациялық экспедициясы РММ / 2015-2022 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмысы, Шымкент, 2022. – 1-103 б.
- [15] **Dehaan, R.L.**, Taylor G.R. Field-derived spectra of salinized soils and vegetation as indicators of irrigation-induced soil salinization // Remote sensing of Environment, 2002. – Т. 80. – №. 3. – С. 406-417. [https://doi.org/10.1016/S0034-4257\(01\)00321-2](https://doi.org/10.1016/S0034-4257(01)00321-2)

References:

- [1] **Metternicht, G.I.**, Zinck J.A. Remote sensing of soil salinity: potentials and constraints // Remote sensing of Environment, 2003. – Т. 85. – №. 1. – С. 1-20.
- [2] **Daliakopoulos, I.N.**, Tsanis I.K., Koutroulis A., Kourgialas N.N., Varouchakis, A.E., Karatzas, G.P., & Ritsema, C.J. The threat of soil salinity: A European scale review // Science of the total environment, 2016. – Т. 573. – С. 727-739. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2016.08.177>
- [3] **Rengasamy, P.** World salinization with emphasis on Australia // Journal of experimental botany, 2006. – Т. 57. – №. 5. – С. 1017-1023. <https://doi.org/10.1093/jxb/erj108>
- [4] **Mateo-Sagasta, J.**, Burke J. Agriculture and water quality interactions: a global overview // SOLAW Background Thematic Report-TR08, 2011. – Т. 46.

- [5] **Faures, J.M.** et al. AQUASTAT-FAO's information system on water and agriculture // GRID-Magazine of the IPTRID Network (FAO/United Kingdom), 2001. – №. 18.
- [6] **Abbas, A.**, Khan S., Hussain N., Hanjra M.A., & Akbar S. Characterizing soil salinity in irrigated agriculture using a remote sensing approach // Physics and chemistry of the Earth, Parts A/B/C. – 2013. – Т. 55. – С. 43-52. <https://doi.org/10.1016/j.pce.2010.12.004>
- [7] **Bastiaanssen, W.G.M.**, Molden D.J., Makin I.W. Remote sensing for irrigated agriculture: examples from research and possible applications // Agricultural water management, 2000. – Т. 46. – №. 2. – С. 137-155. [https://doi.org/10.1016/S0378-3774\(00\)00080-9](https://doi.org/10.1016/S0378-3774(00)00080-9)
- [8] **Pankova, E.I.**, Konjushkova M.V. Vlijanie global'nogo potepnenija klimata na zasolennost' pochv aridnyh regionov // Bjulleten' pochvennogo instituta im. V.V. Dokuchaeva, 2013. – №. 71. – С. 3-15. [in Russian]
- [9] **Elhag, M.** Evaluation of different soil salinity mapping using remote sensing techniques in arid ecosystems, Saudi Arabia // Journal of Sensors, 2016. – Т. 2016. <https://doi.org/10.1155/2016/7596175>
- [10] **Ferdous, J.**, Rahman M.T.U. Evaluating different salinity indices for soil salinity mapping of coastal region of Bangladesh // IEEE R10HTC. – 2017.
- [11] **Nicolas, H.**, Walter C. Detecting salinity hazards within a semiarid context by means of combining soil and remote-sensing data // Geoderma, 2006. – Т. 134. – №. 1-2. – С. 217-230. <https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2005.10.009>
